№9(21) 2025

# ұлағат

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ




**ПЕДАГОГТЕРДІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ:**
КЕДЕРГІСІЗ БІЛІМ
САПА ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

**АВГУСТОВСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ ПЕДАГОГОВ-2025:**
ОБРАЗОВАНИЕ БЕЗ БАРЬЕРОВ:
КАЧЕСТВО И ДОСТУПНОСТЬ

**МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ:**
«ДОСБОЛLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЫҚПАЛЫ

**ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА СРЕДИ ШКОЛЬНИКОВ:**
ЗНАЧЕНИЕ И ВЛИЯНИЕ ПРОГРАММЫ «ДОСБОЛLIKE»

БАЛАЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ ҮШІН / ВО ИМЯ И В ИНТЕРЕСАХ ДЕТЕЙ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ ПО ОХРАНЕ ПРАВ ДЕТЕЙ

## ҚЫМБАТТЫ ДОС!
## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ АРҚЫЛЫ КӨМЕКТЕСУ ҚҰПИЯ ЖӘНЕ ТЕГІН!

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қолдауымен Telegram мессенджерінде 2019 жылдан бастап кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтардың бұзылуын, зорлық-зомбылықты немесе қатыгез қарым-қатынасты анықтау мақсатында құрылған «Bala Qorgau» чаты жұмыс істейді.

Өтініштерге жедел жауап беру мақсатында **24/7 режимінде BalaQorgaubot2.0** телеграмм-боты **іске қосылды.**

## ДОРОГОЙ ДРУГ!
## ПОМОЩЬ ПО ТЕЛЕФОНУ ДОВЕРИЯ АНОНИМНА И БЕСПЛАТНА!

**УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!**

При поддержке Комитета по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан в мессенджере Telegram с 2019 г. функционирует чат «BalaQorgau», который создан с целью выявления нарушения прав, насилия или жестокого обращения в отношении несовершеннолетних.

Для оперативного реагирования на обращения **в режиме 24/7 работает** телеграмм-бот **BalaQorgauBot2.0.**

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН АМАНДЫҒЫ БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА!

**ЖАЙ ҒАНА ТЕЛЕФОНҒА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ, СІЗГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ!**

БЕЗОПАСНОСТЬ И БЛАГОПОЛУЧИЕ ДЕТЕЙ В НАШИХ РУКАХ!

**ПРОСТО ПОЗВОНИ ПО ТЕЛЕФОНУ, И ТЕБЕ ПОМОГУТ!**

**АСТАНА Қ. КОДЫ / КОД Г. АСТАНЫ +7(7172) 74 25 28**

ӨРКЕН
БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

## ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАНДАР!

Міне, жаз мезгілі де өз мәресіне жетіп, жүректе жарық, жылу, күн сәулесі мен шексіз шаттықтың жарқын ізін қалдырды.

Қыркүйек айы әрдайым ерекше сезімдерге толы: онда жаздың әлсіз үні әлі де естіліп тұрады, алайда күн өткен сайын күздің салқын тынысы айқын сезіле бастайды...

Күздің басталуы – бұл тек көз тартар жапырақтардың алтын түске боялуы, жұлдыздардың тылсым сырғып түсуі мен мөлдір таңғы ауаның тазалығы ғана емес, бұл – алғашқы мектеп қоңырауының үні естілетін ерекше шақ. Дәл осы сәт – білім атты жаңа сапардың алғашқы қадамы.

Сіздерді Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн өмірге әрдайым шаттықпен, қуанышпен, тосын әсермен енеді. Ол – күзгі ашық аспандай тап-таза, алғашқы ұстаздай мейірімді, адам өміріндегі маңызды оқиғалардай салтанатты.

Адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелендіретін басты қасиеттердің бірі – өзін тануға деген қабілеті мен құлшынысы. Танымға деген қажеттілік физикалық тіршілікпен тікелей байланысты емес, ол – адамның ішкі терең ұмтылысы, рухани серпілісі, тыныс алу секілді табиғи қасиеті.

Білімнің бастауы ешқашан сарқылмайды: адамзат таным жолында қандай жетістіктерге жетсе де, әрдайым іздейтін, ашатын және меңгеретін дүниелері болады.

Жаңа әрі беймәлім дүниені тануға деген ұмтылыс – адамның табиғатынан берілген қасиет. Біз үнемі оқып-үйренуіміз керек, айналамыздағының бәрінен білім алып, жоғалтқанымызға жақындай түсуіміз қажет. Өйткені біз табиғаттан алыстап, өркениеттің тұрақсыз әрі нәзік әлеміне еніп кеттік...

Қазақстандағы мемлекеттік әлеуметтік-құқықтық саясаттың басым бағыттарының бірі – кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Балаларға арналған құқықтық нормалар Қазақстан заңнамасында алғаш рет «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған кезде пайда болды.

Осы заң қабылданғанға дейін балалардың құқықтары ата-ана мен бала

## ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ!

Вот и закончилось знойное лето, оставив в душе мажорные нотки света, тепла, солнца и бесконечной радости.

Сентябрь всегда вызывает двоякие чувства: в нем еще слышатся отголоски уходящего лета, но с каждым днем все ощутимее холодное дыхание осени...

Начало осени – это не только пора красочного листопада, завораживающего падения звезд и хрустального утреннего воздуха, но и время первых школьных звонков. Именно они дают старт новому путешествию, бесконечному марафону в необъятную великую страну знаний.

Примите искренние и душевные поздравления с Днем знаний, с началом нового учебного года!

Этот день всегда врывается в жизнь шумно, звонко, неожиданно. Он особенный: чистый, как прозрачное осеннее небо, добрый, как первая учительница, и торжественный, как любое важное событие в жизни человека...

Родовые признаки человека, отличающие его от остальных живых существ, – способность и желание познавать мир, свое место в нем, а значит, и самого себя. Потребность познания не связана непосредственно с физическим выживанием, а является глубинной внутренней тягой человека, его духовным порывом, естественным, как дыхание.

Источник знания неиссякаем: каких успехов ни достигало бы человечество на пути познания, людям всегда будет что искать, открывать и постигать.

Стремление к познанию нового и неизведанного заложено в человеке самой природой. Нужно неустанно учиться, черпая знания из всего, что нас окружает, становясь ближе к тому, что мы, к сожалению, утратили в процессе эволюции, отдаляясь от природы в очень зыбкий и неустойчивый мир цивилизации...

Одно из приоритетных направлений государственной социально-правовой политики Казахстана – защита прав и законных интересов несовершеннолетних. Нормы права, непосредственно посвященные детям, впервые появились в казахстанском законодательстве с принятием Закона Республики Казахстан «О браке и семье». До принятия этого закона права детей рассматривались сквозь призму правоот-





арасындағы құқықтық қатынастар тұрғысынан ғана қарастырылатын. Бұл ретте балалар жасына байланысты әрекет қабілетсіздігіне орай дербес құқық иеленуші емес, ата-ана қамқорлығындағы тұлға ретінде қабылданды. Заңға кәмелетке толмаған балалардың құқықтарына арналған жеке тараудың енгізілуі – осындай көзқарасты еңсеру жолындағы маңызды қадам болды.

Бүгін біз, ересектер, балаларымыздың кішкентай әлемінің аспаны ашық өмірі жарыққа, жылуға және қуанышқа толы болуы үшін бар күш-жігерімізді салуымыз қажет.

Біз білімді, ұтқыр және креативті болуды талап ететін жоғары дамыған цифрлық технологиялар ғасырында өмір сүріп жатырмыз. Маман болып, сүйікті ісімізбен айналысу үшін білім қажет. Білімсіз жақсы маман атану және қоғамға пайдалы болу мүмкін емес.

***Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше атап өткендей:*** *«Қазір интернет ғасыры. Жағымсыз ақпараттардың орасан зор ағыны қазіргі ұрпақтың санасын улауда. Жалған мағыналар мен тұрақсыз құндылықтар кеңінен таралуда. Бұл өте қауіпті үрдіс.*

*Басты міндет – жастарға жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру. Біздің қоғамда патриотизм, білімге ұмтылу, еңбекқорлық, ұйымшылдық және жауапкершілік сияқты қасиеттерді насихаттау қажет. Біз үшін ішкі ынтымақтастығымыз бен бірлігіміздің негізі болып табылатын диалог пен азаматтық қатысу дәстүрлерін дамыту, озық құндылықтарды дәріптеу маңызды».*

Барлық балаларға, ата-аналарға және педагогтерге табыс, шығармашылық әлеуетті жүзеге асыру, ең батыл идеяларды іске асыру және үнемі жаңа шыңдарды бағындыруға ұмтылуды тілейміз. Әрбір күн сіздерге тамаша жаңалықтар, қызықты саяхаттар мен орындалған армандардың қуанышын сыйласын!

Аспандарыңыз ашық, көңілдеріңіз шуақты болсын! Күз сіздерге жаңа армандар мен мақсаттар сыйлап, алдағы жолдарыңызды айқындай түссін!

ношений родителей и детей. При этом дети в силу их возрастной недееспособности оказывались не в положении самостоятельных носителей прав, а в положении пассивных объектов родительской заботы. Включение в закон отдельной главы, посвященной правам несовершеннолетних детей, явилось важным шагом на пути преодоления такого подхода...

Сегодня все мы, взрослые, должны приложить максимум усилий, чтобы небо над маленькой страной наших детей было ясным и безоблачным, а их жизнь наполнена светом, теплом и радостью...

Мы живем в век высокоразвитых цифровых технологий, которые требуют от нас быть образованными, мобильными и креативными. Знания нужны нам, чтобы стать профессионалом и заниматься любимым делом. Без знаний невозможно стать хорошим специалистом и быть полезным обществу.

***Президент Касым-Жомарт Токаев*** особо подчеркивает: *«Сейчас век интернета. Огромный поток негативной информации отравляет сознание современного поколения. Массовое распространение получают ложные смыслы и недолговечные ценности. Это очень опасная тенденция.*

*Главная задача – привить молодежи общечеловеческие ценности. В нашем обществе необходимо пропагандировать такие качества, как патриотизм, стремление к знаниям, трудолюбие, сплоченность и ответственность. Нам важно развивать традиции диалога и гражданского участия, культивировать прогрессивные ценности, лежащие в основе нашей внутренней солидарности и единства».*

Желаем всем детям, родителям и педагогам успехов, реализации своего творческого потенциала, осуществления самых смелых идей и постоянного стремления к покорению новых вершин. Пусть каждый день открывает перед вами новые горизонты, дарит радость чудесных открытий, увлекательных путешествий в мир неизведанного и свершившихся замыслов!

Ясных вам солнечных дней, безоблачного неба, золотой осени, тепла, душевного уюта и радости! Пусть осень распахнет перед вами новые дали и горизонты, подарит новые мечты и стремления!

# МАЗМҰНЫ
# содержание


ОҚЫРМАНДАРҒА / К ЧИТАТЕЛЯМ 3

## КҮН ТАҚЫРЫПТАРЫ / ТЕМЫ ДНЯ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ: ДАЙЫНДЫҚ №1
НОВЫЙ УЧЕБНЫЙ ГОД: ГОТОВНОСТЬ №1 7



ПЕДАГОГТЕРДІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ КЕДЕРГІСІЗ БІЛІМ: САПА ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

АВГУСТОВСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ ПЕДАГОГОВ-2025 ОБРАЗОВАНИЕ БЕЗ БАРЬЕРОВ: КАЧЕСТВО И ДОСТУПНОСТЬ

ӨЗГЕРІСТЕР ЖОЛЫНДА
НА ПУТИ ПЕРЕМЕН 15



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ОҚУШЫЛАР, ПЕДАГОГТЕР МЕН АТА-АНАЛАРДЫ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР КҮТІП ТҰР?

КАКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ ЖДУТ ШКОЛЬНИКОВ, ПЕДАГОГОВ И РОДИТЕЛЕЙ В НОВОМ УЧЕБНОМ ГОДУ?

СЕНІМДІ МЕКТЕП
ШКОЛА БЕЗ СТРАХА 20



МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ: «ДОСБОЛLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ӘСЕРІ

ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА СРЕДИ ШКОЛЬНИКОВ: ЗНАЧЕНИЕ И ВЛИЯНИЕ ПРОГРАММЫ «ДОСБОЛLIKE»

БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ
ИНТЕГРАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ И КУЛЬТУР 30



С. Е. Нурахметова
«БІЛІМ САПАСЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТЕРДІ ЖАҚЫНДАСТЫРУ» IV-ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАЗҒЫ МЕКТЕП

С. Е. Нурахметова
IV МЕЖДУНАРОДНАЯ ЛЕТНЯЯ ШКОЛА «КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И СБЛИЖЕНИЕ КУЛЬТУР»

## ПЕДАГОГТЕРГЕ / ПЕДАГОГАМ

МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР АРҚЫЛЫ ОҢАЛТУ
РЕАБИЛИТАЦИЯ ЧЕРЕЗ КУЛЬТУРУ И ИСКУССТВО 36



Ж. Казиева
АРТ-ИНКЛЮЗИЯ: ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЗҒЫ МЕКТЕП

Ж. Казиева
АРТ-ИНКЛЮЗИЯ: ЛЕТНЯЯ ШКОЛА ДЛЯ ОСОБЕННЫХ ДЕТЕЙ В КЫРГЫЗСТАНЕ

ЕРЕКШЕ БІЛІМ — ЖҮРЕКПЕН ҚОЛДАУ
ОСОБОЕ ОБРАЗОВАНИЕ — ПОДДЕРЖКА С ДУШОЙ
42

**А. Т. Аскарова**
**ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕЙТІН ОТБАСЫЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ САУАТЫН ҚОЛДАУ МАМАНДАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР**

**А. Т. Аскарова**
**СОДЕЙСТВИЕ ПСИХИЧЕСКОМУ БЛАГОПОЛУЧИЮ СЕМЕЙ, ВОСПИТЫВАЮЩИХ ДЕТЕЙ С ООП МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ И РЕКОМЕНДАЦИИ ДЛЯ СПЕЦИАЛИСТОВ**



БУЛЛИНГ - БІЗГЕ ЖАТ!
БУЛЛИНГ – ЭТО НЕ ПРО НАС!
50

**Н. В. Полонец**
**БАЛАНЫ ТЫҢДАЙТЫН МЕКТЕП – БІЗДІҢ ТАҢДАУЫМЫЗ!**

**Н. В. Полонец**
**ШКОЛА, ГДЕ СЛЫШАТ ДЕТЕЙ, – НАШ ВЫБОР!**



ЦИФРОВОЙ ПОМОЩНИК
ЦИФРЛЫҚ КӨМЕКШІ
58

**МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР**

**ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ ДЛЯ ПЕДАГОГОВ**



## АТА-АНАЛАРҒА / РОДИТЕЛЯМ

ЖАЗ ӨТТІ, БІРАҚ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІЛМЕДІ...
ЛЕТО ПРОШЛО, ПРОБЛЕМЫ ОСТАЛИСЬ...
66

**Е. А. Петренко**
**АНАНЫҢ КӨҢІЛІ БАЛАДА, БАЛАНЫҢ КӨҢІЛІ TIKTOK-ТА ЖАЗ, ГАДЖЕТТЕР ЖӘНЕ БІЗ ЖОҒАЛТЫП ЖАТҚАН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР**

**Е. А. Петренко**
**КОГДА МАМА ТРЕВОЖИТСЯ, А РЕБЕНОК В TIKTOK ЛЕТО, ГАДЖЕТЫ И ОТНОШЕНИЯ, КОТОРЫЕ МЫ ТЕРЯЕМ**



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ: ШАБЫТТЫҢ КҮШІ
ТВОРЧЕСТВО: МАГИЯ ВОЛШЕБСТВА
72

**Н. Асылбек-Бахытжан**
**ӘРБІР ҚОЛӨНЕР – ТҰТАС БІР ТАРИХ**

**Н. Асылбек-Бахытжан**
**КАЖДОЕ РЕМЕСЛО – ЭТО ОТДЕЛЬНЫЙ МИР**



## БАЛАЛАРҒА / ДЕТЯМ

АНИМАЦИЯ – ӨНЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ БІРЕГЕЙ СИМБИОЗЫ
АНИМАЦИЯ – УНИКАЛЬНЫЙ СИМБИОЗ ИСКУССТВА И ТЕХНОЛОГИЙ
79

**МУЛЬТФИЛЬМНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: КӨҢІЛ КӨТЕРУДЕН – ТАНЫМҒА ДЕЙІН**

**ЭВОЛЮЦИЯ МУЛЬТФИЛЬМА: ОТ РАЗВЛЕЧЕНИЯ К ПОЗНАНИЮ**



ОЙНА ДА, ҮЙРЕН!
ИГРАЙ И УЧИСЬ!
88

**БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПАЙДАЛЫ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР**

**ПОЛЕЗНЫЕ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ ДЛЯ ДЕТЕЙ**



# ПЕДАГОГТЕРДІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## КЕДЕРГІСІЗ БІЛІМ: САПА ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК




# АВГУСТОВСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ ПЕДАГОГОВ-2025

## ОБРАЗОВАНИЕ БЕЗ БАРЬЕРОВ: КАЧЕСТВО И ДОСТУПНОСТЬ

Мұғалімдердің тамыз конференциясы – педагогтер, білім беру ұйымдарының басшылары және тәрбие ісіне қатысы бар барлық адамдар үшін іс-қимыл алгоритмі.

Кез келген мемлекеттің болашағын саясаткерлер, әскери басшылар, бизнесмендер мен мемлекеттік қызметкерлер емес, мектептерде қалыптастырады. Ал оның негізгі құрылысшылары – мұғалімдер. Оларға құрмет пен алғыс!

Бүгінде педагогтер мен ата-аналар қауымдастығының алдында тағы бір маңызды міндет тұр – ***балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.*** Қазіргі заманның ең үлкен қатерлерінің бірі – агрессия, зорлық-зомбылық, кемсіту. Бүгінде бұл әлеуметтік кеселдің бәрі «буллинг» деген ортақ атауға ие болды. Президент өз сөзінде осы құбылысқа мүлдем жол беруге болмайтынын ерекше атап өтті.

*Биыл ел педагогтерінің басқосуы маңызды оқиғамен ерекшеленді – **Мемлекет басшысының қатысуымен өтті**. Бұл факт өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру мәселелері мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты әрі ел дамуының басты басымдықтарының бірі екенін айқын дәлелдейді.*

Августовская конференция учителей – алгоритм действий для педагогов, руководителей организаций образования и всех тех, кто так или иначе имеет отношение к самой великой из всех наук – ***науке воспитания Человека.***

Будущее любого государства вершат не политики, не генералы, не бизнесмены и чиновники. Оно вершится в школах, за партами. А вершители его – учителя. Честь и хвала им за это!

Сегодня на педагогическое и родительское сообщество страны легла еще одна важнейшая задача – ***обеспечение безопасности детей.*** Настоящий бич наших дней – агрессия, насилие, травля. Сегодня эти проявления социального зла получили общее название – буллинг. Именно на это порочное явление цивилизованного XXI века в своем выступлении обратил внимание наш Президент, подчеркнув, что это абсолютно недопустимо.

*В этом году встреча педагогов страны ознаменовалась важным событием – **выступлением Главы государства.** Этот факт – красноречивое свидетельство и веское доказательство того, что вопросы воспитания и образования подрастающего поколения – важнейший фактор государственной политики, один из главных векторов развития страны.*



*«Бүгінгі кездесуіміз өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге арналуы – ерекше маңызды. Мұғалім – ұлттың шамшырағы. Сіздер күнделікті тынымсыз еңбектеріңізбен елдің дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Жас жүректерге білім дәнін сеуіп, ойлы ұрпақ тәрбиелеудесіздер. Халқымыздың зияткерлік әлеуетін арттыруға да белсенді атсалысып отырсыздар».*

Республикалық тамыз конференциясы аясында ***«Қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын құру: балалардың әл-ауқатының негізгі аспектілері»*** атты панельдік секция өтті.

Секцияны ұйымдастырушылар:

- ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті;
- «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КЕАҚ;
- ЮНИСЕФ пен «El Umiti» корпоративтік қорының қолдауымен.

*Іс-шараның басты мақсаты* – әрбір бала өзін қауіпсіз, еркін және ұжұжымның бір бөлігі ретінде сезінетін мектеп ортасын құруға көмектесетін кешенді шараларды әзірлеу. Іс-шара білім беру және әлеуметтік саладағы негізгі қатысушыларды біріктірді: психологиялық қолдау орталықтарының басшыларын, балалардың құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдерді, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссия хатшыларын, білім беру саласының сарапшыларын, психологтарды және ҮЕҰ өкілдерін.

15 тамызда Август конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалім – елдің болашағын құрудағы негізгі тұлға екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы педагогтердің құқықтарын қорғау, олардың қоғамдағы мәртебесін арттыру және мамандардың беделін көтеру қажеттілігіне ерекше назар аударды. Ол мұғалімдерді негізсіз жауапкершіліктен қорғау, олардың негізгі қызметіне қатысы жоқ міндеттер мен жұмыстардан босату үшін ***«Педагог***

В рамках Республиканской августовской конференции учителей состоялась *панельная секция* ***«Создание безопасной и поддерживающей образовательной среды: ключевые аспекты благополучия детей».***

Организаторы секции:

- Комитет по охране прав детей Министерства просвещения РК;
- НАО «Национальный научно-практический институт благополучия детей «Өркен»;
- при поддержке ЮНИСЕФ и Корпоративного фонда «El Umiti».

*Главная цель мероприятия* – выработать комплексные меры, которые помогут школам стать местом, где каждый ребенок чувствует себя защищенным, уважаемым и включенным в коллектив. Мероприятие объединило ключевых участников образовательной и социальной сфер: руководителей центров психологической поддержки, региональных уполномоченных по правам ребенка, секретарей комиссий по делам несовершеннолетних, экспертов в области образования, психологов и представителей НПО.

Выступая 15 августа на пленарном заседании Августовской конференции, глава государства Касым-Жомарт Токаев заявил, что учитель – это ключевая фигура в построении будущего страны.

Президент акцентировал внимание на необходимости защиты прав педагогов, повышения их статуса в обществе и улучшения имиджа профессии. Он предложил внести поправки в ***Закон «О статусе педагога»,*** чтобы

*«Наша встреча, посвященная вопросам качественного образования и достойного воспитания подрастающего поколения, имеет очень важное значение. Учитель – это светоч нации. Ежедневным кропотливым трудом каждый из вас вносит неоценимый вклад в развитие страны. Вы сеете семена знаний в молодые сердца и растите мыслящую нацию. Вы активно участвуете в укреплении интеллектуального потенциала нашего народа».*



***мәртебесі туралы» заңға*** түзетулер енгізуді ұсынды. Мемлекет басшысы жергілікті атқарушы органдар заң талаптарын қатаң сақтауы тиіс екенін баса айтты. Оның айтуынша, құқық бұзушылықтар прокуратура тарапынан дереу тоқтатылуы қажет.

Сондай-ақ Президент балалардың қатысуымен болған кез келген оқиға үшін мұғалімдерді бірден жазалауды орынсыз деп санайды. Егер мұндай жағдай мектептен тыс жерде немесе ата-аналардың жауапсыздығы салдарынан орын алса, педагог оған жауапты болмауы тиіс.

Мемлекет басшысы атап өткеніндей, балаларды әлеуметтік қауіптерден сақтау үшін олардың бойында *сыни ойлау* қабілетін қалыптастыру қажет. *«Жас*

оградить учителей от необоснованной ответственности и освободить их от несвойственных обязанностей и от занятий, не относящихся к их основной деятельности. Он подчеркнул, что местные власти обязаны строго соблюдать требования закона. Нарушения, по словам Главы государства, должны пресекаться прокуратурой.

Также Президент считает, что нецелесообразно за любой несчастный случай с участием детей сразу же наказывать учителей. Так, если подобный инцидент произошел вне школы или из-за безответственности родителей, то педагог не должен нести ответственности за него.

Как подчеркнул Токаев, чтобы уберечь детей от социальных пороков,

*«**Заң және Тәртіп» қағидаты** тәрбиелік жұмыстың ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Міндет – озық педагогикалық әдістемелерді пайдалана отырып, бұл тұжырымдаманың мәнін өскелең ұрпаққа түсінікті тілде жеткізу. Бұл іске тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарлары, сынып жетекшілері мен мектеп психологтарынан бөлек, бүкіл педагогикалық қауымдастық атсалысуы қажет, өйткені бұл – жалпыұлттық деңгейдегі міндет».*

*«Необходимо, чтобы **принцип «Закон и Порядок»** стал неотъемлемым элементом воспитательной работы. Задача – на понятном языке, с помощью передовых педагогических методик донести до подрастающего поколения суть этой концепции. В эту работу, помимо заместителей директоров по воспитательной работе, классных руководителей и школьных психологов, должно включиться все педагогическое сообщество, поскольку это задача общегосударственного характера».*

*ұрпақтың интернетте және әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізетіні құпия емес, ал ол жерлерде жалған идеялардың және бүлдіргі мінез-құлық үлгілерінің ықпалына оңай түсуге болады. Сондықтан әрбір педагог балаларды эмоцияларын бақылауға, ойланған шешім қабылдауға және кез келген құбылыс пен жағдайға түрлі қырынан қарауға үйретуі тиіс».*

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы мұғалімдерге нашақорлық, құмар ойындарға тәуелділік, зорлық-зомбылық, буллинг және вандализм сияқты зиянды құбылыстарға қарсы күресте ерекше рөл берілетінін еске салды. *«Өскелең ұрпақ арасындағы нашақорлыққа қарсы іс-қимыл бүкіл қоғамның күш-жігерін біріктіруді талап етеді. Бұл туралы мен жуырда Қауіпсіздік кеңесінің отырысында айттым. Бірақ ең бастысы – балалар мен жастарға түрлі стимуляторларға әуестенудің, тіпті сырттай зиянсыз болып көрінетіндерінің де, тығырыққа апаратын жол екенін жеткізу қажет. Зиянды заттар немесе виртуалды ойындар арқылы шынайы өмірден қашып, қиял әлеміне ену адамды әлеуметтік оқшауалануға әкеледі. Шын мәнінде, мұндай адамдар өз болашағынан айырылады: олар қалыпты жұмыс таба алмайды, бақытты отбасы құра алмайды, қабілеттерін іске асыра алмайды және үлкен мақсаттарға жете алмайды...»*

необходимо формировать у них *критическое мышление. «Не секрет, что подрастающее поколение проводит много времени в интернете и социальных сетях, где можно легко попасть под влияние ложных идей и разрушительных моделей поведения. Поэтому каждый педагог должен приучать детей контролировать свои эмоции, стараться действовать рационально и смотреть на любые вещи и ситуации с разных сторон».*

Также Глава государства напомнил, что учителям отводится особая роль в борьбе с такими пагубными явлениями, как наркомания и лудомания, насилие, буллинг и вандализм. *«Противодействие наркотизму среди подрастающего поколения требует консолидации усилий всего общества. Об этом я говорил на днях на заседании Совета Безопасности. Но главное – надо донести до детей и молодежи, что увлечение разного рода стимуляторами, даже якобы безобидными, – это путь в никуда. Уход от реальности в мир грез с помощью вредоносных веществ или виртуальных игр превращает человека в социального изгоя. По сути, такие люди лишают себя будущего: они не смогут найти нормальную работу, построить благополучную семью, реализовать свои таланты и добиться больших целей...»*





***НАҒЫЗ САНАЛЫ АЗАМАТ – АДАЛ АЗАМАТ – МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДА ҚАЛЫПТАСАДЫ***

***Қасым-Жомарт Тоқаев***

Білім беру тәрбие жұмыстарымен қатар жүруі тиіс. Тәрбие дұрыс болмай, сапалы білім беру мүмкін емес.

Осы оқу жылынан бастап барлық жалпы білім беретін ұйымдарда, соның ішінде жекеменшік мектептерде де ***«Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы*** іске асырылады. Сондай-ақ аталған жобаны педагог даярлайтын жоғары оқу орындарына да енгізуді ұсынамын

Халық даналығы: *«Тәрбие тал бесіктен басталады»* дейді. Балаларды тәрбиелеу ісінде ата-аналар, педагогтер және мемлекеттік органдар өзара тығыз әрекеттесуі тиіс, өйткені бұл – олардың ортақ жауапкершілігі. Ұлы Абайдың: «Адамның сүйіспеншілігі оның ақыл-парасатынан, адамгершілігінен, білімінен ажырамайды, ол әке мен ананың ізгілігіне, ақылды ұстаздар

***Білім мен тәрбие*** *– кез келген қоғамның екі тірегі, оларды бір-бірінен бөле қарастыруға болмайды.*

***НАСТОЯЩИЙ ОТВЕТСТВЕННЫЙ ГРАЖДАНИН – АДАЛ АЗАМАТ – ФОРМИРУЕТСЯ ИМЕННО В ШКОЛЬНЫХ СТЕНАХ***

***Касым-Жомарт Токаев***

Образование должно идти рука об руку с воспитанием. Качественное образование невозможно без достойного воспитания.

С этого учебного года во всех общеобразовательных учреждениях, в том числе и в частных, будет действовать ***Единая воспитательная программа «Адал азамат».*** Предлагаю также внедрить данный проект в вузах, осуществляющих подготовку педагогов.

Народная мудрость гласит: *«Тәрбие тал бесіктен басталады» («Воспитание начинается с колыбели»).* Родители, педагоги и государственные органы должны тесно взаимодействовать в деле воспитания детей, так как это сфера их общей ответственности. Великому Абаю принадлежат слова: «Любовь человека неотделима от его разума,

***Знания и воспитание*** *– это две опоры любого общества, и их нельзя рассматривать по отдельности.*

***Біздің міндетіміз – жаһандық үрдістерге бейімделу.*** *Ол үшін білім беру жүйесін цифрлық трансформациялау қарқынын арттыру аса маңызды. Цифрландыруды одан әрі дамыту және жасанды интеллектіні енгізу білім беру саласындағы теңсіздікті еңсеруге және оқыту сапасын айтарлықтай арттыруға шешуші үлес қоса алады.*

***Наша задача – адаптироваться к глобальным тенденциям.*** *Для этого крайне важно нарастить темпы цифровой трансформации системы образования. Дальнейшая цифровизация и внедрение искусственного интеллекта способны внести решающий вклад в преодоление образовательного неравенства и значительно повысить качество обучения.*

мен ізгі достарға байланысты» деген сөзі бар.

***Отбасы, мектеп және мемлекеттің*** үйлесімді өзара іс-қимылы ғана ең жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оның негізінде еңбекқорлық идеясы жатуы тиіс. Өсіп келе жатқан ұрпаққа еңбекке деген сүйіспеншіліксіз өркендеуге қол жеткізу мүмкін еместігін түсіндіру қажет. Жалқаулық пен әрекетсіздікке бой алдыруға болмайды – бұл қоғамды құлдырауға әкеледі.

Мұндай өзара іс-қимылдың айқын үлгілерінің бірі – ***«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы.*** Мен бірнеше рет атап өткендей, Таза Қазақстан – бұл тек қана айналамыздың тазалығы емес, ол сөзсіз маңызды болғанымен, біздің ой-пікіріміздің тазалығы да. Жаны таза адам әрқашан ізгі істер мен мейірімділікке дайын тұрады. Шынайы адал әрі парасатты жан ешқашан сыбайлас жемқорлық жолына түспейді. Күмәнсіз, өз бойында ең асыл қасиеттерді тәрбиелеген шынайы жауапты азаматтар ғана Әділетті Қазақстанның тірегіне айналады...

Әлем жаңа технологиялық дәуірге қадам басты, оның басты белгілері – инновациялардың қарқынды дамуы мен жасанды интеллектіні енгізу. Сондықтан *прогрессивті ұлт* және *технологиялық ұлт* ұғымдары бүгінде тең мағынаға ие.

Бүгінде Қазақстандағы мектептердің 95 пайыздан астамы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтылған. Бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізу қажет. Осы мақсатта спутниктік жүйелердің мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Бұл – тек инфрақұрылымға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселесі ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік әділеттіліктің аса маңызды идеологиялық қағидаты.

человечности, знаний, она зависит от благородства отца и матери, от мудрых наставников и добрых друзей».

Гармоничный симбиоз трех составляющих – ***семьи, школы и государства*** – позволит достичь наилучших результатов. А в их основе должна быть идея трудолюбия. Нужно разъяснять подрастающему поколению, что без любви к труду невозможно достичь благополучия. Нельзя поддаваться лени и безделью – это приведет общество к деградации.

Одним из наглядных примеров такого взаимодействия может служить ***Общенациональная акция «Таза Қазақстан».*** Я не раз говорил, что Чистый Казахстан – это не только чистота вокруг нас, что, несомненно, очень важно, но и чистота наших помыслов. Человек с чистой душой всегда готов к добрым поступкам и состраданию. Будучи честным и порядочным, он не пойдет по пути коррупции. Несомненно, только по-настоящему ответственные граждане, воспитавшие в себе самые благородные качества, станут опорой Справедливого Казахстана...

Мир вступил в новую технологическую эпоху, главными признаками которой становятся стремительное развитие инноваций и внедрение искусственного интеллекта. Поэтому понятия *прогрессивная нация* и *технологическая нация* сегодня являются тождественными.

Сегодня свыше 95% школ Казахстана обеспечены скоростным интернетом. Предстоит довести этот показатель до 100%. Для этой цели можно использовать возможности спутниковых систем. Это не просто технический вопрос равного доступа к инфраструктуре, а исключительно важный идеологический принцип социальной справедливости.

Инновационные подходы открывают возможности для полноценного вов-

Инновациялық тәсілдер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды білім беру процесіне толыққанды тартуға мүмкіндік беріп, ***инклюзивті білім беру ортасын*** қалыптастыруға алғышарттар жасайды. Елімізде мектептер мен колледждерге қабылдауға, сондай-ақ бір мектептен екіншісіне ауысуға қатысты негізгі қызметтер цифрландырылған. Электрондық үкіметтің мобильді қосымшасындағы *Bilim сервисі* білім беру жүйесі туралы барлық өзекті ақпаратты біріктіреді...

Дегенмен, атқарылар жұмыс әлі де көп. Босаңсуға болмайды. Үкімет пен әкімдер бұл міндеттерді шешуге айрықша көңіл бөлуі қажет.

Атап айтқанда, білім беру ұйымдарын қажетті *интерактивті жабдықтармен* қамтамасыз ету қажет. Барлық оқушыларды оқу контенті бар цифрлық

лечения в образовательный процесс *детей с особыми потребностями,* создавая предпосылки для формирования ***инклюзивной среды обучения.*** В нашей стране цифровизированы основные услуги, связанные с поступлением в школы и колледжи, а также с переводом из одной школы в другую. Действует *сервис Bilim* в мобильном приложении Электронного Правительства, которое объединяет всю актуальную информацию о системе образования...

Но предстоит еще много работы. Расслабляться нельзя. Правительству и акимам необходимо уделить особое внимание решению данных задач.

В частности, следует оснастить образовательные учреждения необходимым *интерактивным оборудованием.* Важно обеспечить всех школьников

***Тағы бір басым міндет –*** *балаларды ерте жастан бастап жасанды интеллект технологияларына мақсатты түрде оқыту қажет. Бұл дағдылар олардың қазіргі замандағы бәсекеге қабілеттілігінің кепіліне айналады. Дәл осылай педагогтерге де қатысты – мұғалім өз пәнін жақсы білуімен қатар, жаңа технологияларды педагогикалық тәжірибеде қолдана білуі тиіс.*

***Еще одна приоритетная задача –*** *необходимо целенаправленно обучать детей с раннего возраста технологиям искусственного интеллекта. Эти навыки станут залогом их конкурентоспособности в современном мире.*
*То же самое касается и педагогов – учитель должен не только хорошо знать свой предмет, но и уметь применять новые технологии в педагогической практике.*

платформаларға, соның ішінде электрондық оқулықтарға қолжетімділікті қамтамасыз ету маңызды. Бұл ретте барлық материалдар мұқият сараптамадан өтуі тиіс.

Тағы бір маңызды міндет – балаларды ерте жастан жасанды интеллект технологияларына мақсатты түрде оқыту қажет. Бұл дағдылар олардың қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің кепілі болады. Бұл талап педагогерге да қатысты – мұғалім өз пәнін терең меңгеріп қана қоймай, жаңа технологияларды педагогикалық тәжірибеде қолдана білуі тиіс.

Білім беру саласы мемлекет үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Сондықтан құзыретті мемлекеттік органдар оның дамуына белсенді түрде тартылуы тиіс.

Балалардың әл-ауқаты, олардың денсаулығы мен сапалы білімі Қазақстанның болашағын тікелей айқындайды...

доступом к цифровым платформам с обучающим контентом, в том числе электронными учебниками. Все материалы при этом должны пройти тщательную экспертизу.

Надо в полной мере использовать возможности цифровизации и искусственного интеллекта, чтобы вывести систему образования на качественно новый уровень. Уверен, вы будете в авангарде технологической модернизации всей страны и приложите максимум усилий для трансформации нашего общества в по-настоящему прогрессивную и развитую нацию...

Сфера образования является стратегически важной для государства. Поэтому компетентные государственные органы должны быть активно вовлечены в ее развитие.

Благополучие детей, их здоровье и качественные знания напрямую предопределяют будущее Казахстана...

# ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ОҚУШЫЛАР, ПЕДАГОГТЕР МЕН АТА-АНАЛАРДЫ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР КҮТІП ТҰР?



# КАКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ ЖДУТ ШКОЛЬНИКОВ, ПЕДАГОГОВ И РОДИТЕЛЕЙ В НОВОМ УЧЕБНОМ ГОДУ?

Жаңа 2025–2026 оқу жылы бүкіл елде 1 қыркүйекте басталды. Бүгін Қазақстанның 8 мыңнан астам мектебі оқушылар үшін есігін қайта айқара ашты: 4,1 миллионнан астам бала мектеп партасына отырды. Ал 363 461 бүлдіршін үшін бұл күн ерекше толқуға толы болды – олар алғаш рет мектеп табалдырығын аттады.

Оқу-ағарту министрлігі заманауи қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруда.

Бірінші оқу күніне орай мектептерді салу және жаңарту бойынша ауқымды жобалар іске асырылды.

1 сентября по всей стране стартовал новый 2025–2026 учебный год. Сегодня более 8 тысяч школ Казахстана вновь распахнули свои двери для учеников: за парты сели свыше 4,1 миллиона детей. Для 363 461 первоклассника этот день стал особенно волнительным – они впервые переступили школьный порог.

Министерство просвещения продолжает системную работу по созданию современной благоприятной образовательной среды.

К первому учебному дню были реализованы масштабные проекты по строительству и обновлению школ.



*Білім күніне орай мерекелік іс-шаралар еліміздің барлық мектептерінде өтті. Білім беру министрлігінің өкілдері оқушыларды, педагогтерді және ата-аналарды оқу жылының басталуымен құттықтап, оларға шабыт, жаңа табыстар мен жарқын жетістіктер тіледі.*

*Праздничные мероприятия по случаю Дня знаний прошли во всех школах страны. Представители Министерства просвещения поздравили школьников, педагогов и родителей с началом учебного года, пожелав вдохновения, новых успехов и ярких достижений.*

*Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жаңа оқу жылынан бастап «**Келешек мектептері» басқару моделі** іске қосылады. Осыған орай, басқарудың жаңа стандарты мен аккредиттеу стандарттары қабылданды, сондай-ақ үш деңгейлі курстан өткен **3000-нан астам педагог** жаңа оқу жылында өз жұмысын бастайды.*

*С нового учебного года по поручению Главы государства будет запущена **модель управления «Келешек мектептері».** Для этого принят новый стандарт управления, разработаны стандарты аккредитации, и более 3000 педагогов, прошедших трехуровневые курсы, в этом учебном году начнут свою работу.*

- Жаңарту бағдарламасы аясында 127 мектеп жөндеуден өтті, жыл соңына дейін олардың саны 245-ке жетеді.
- 1000-ға жуық мектеп жаңғыртылуда: олар заманауи құрал-жабдықтармен және функционалды оқу кабинеттерімен қамтамасыз етіледі.
- 83 жаңа мектеп пайдалануға берілді, оның 57-сі «Болашақ мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған, ал олардың жартысы ауылдық елді мекендерде орналасқан.

Осы шаралардың арқасында еліміздің білім беру жүйесі қосымша 100 мыңға жуық жаңа оқушы орнына ие болды. Бұл орын тапшылығы мәселесін шешудегі және әр бала үшін жайлы оқу жағдайын жасаудағы маңызды қадам болып табылады.

Жаңа оқу жылының басты ерекшелігі – ***орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні (AI)*** енгізу. Бұл мақсатта жасанды интелект *«Цифрлық сауаттылық»* және *«Информатика»* пәндеріне біріктіріліп, этикалық стандарттар бекітілді.

1-11 сынып оқушылары үшін *«Day of AI» онлайн-курстары* әзірленді, сондай-ақ педагогтер үшін біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылады.

*«111» **байланыс орталығының QR-кодтары** барлық мектептерде ілінді.*
*Бұл кодтар арқылы балалар өз құқықтарының бұзылуы туралы жасырын және тез хабарлай алады. QR-кодтар ең қолайлы және көзге бірден түсетін жерлерге: дәліздерге, баспалдақтарға, санитарлық бөлмелерге орналастырылған. Барлық өтініштер тәулік бойы (24/7) өңделеді.*

- 127 школ отремонтированы в рамках Программы реновации, до конца года их количество увеличится до 245.
- Около 1000 школ проходят модернизацию: они получат современное оборудование и функциональные учебные кабинеты.
- Введены в эксплуатацию 83 новые школы, из которых 57 построены в рамках Национального проекта «Келешек мектептері», причем половина в сельских населенных пунктах.



*Барлық білім беру ұйымдары, оқушылар саны 100 адамнан асатын, толық көлемде қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталуы тиіс. Министр әкімдіктерді жабдықтарды орнату жұмыстарын жеделдетіп, олардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге шақырды.*

Жыл сайынғы Тамыз конференциясында Елбасы мектептерде буллингке, қатыгездік пен агрессияға орын болмау керектігін атап өтті: *«Мектеп – әрбір бала өзін толық қауіпсіз сезінетін орын болуы тиіс».*

Соңғы екі жылда елімізде кешенді шаралар қабылданды: кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық үшін жаза қатайтылды, бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты күшейтілді, сонымен қатар суицидтің алдын алу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

***Жеке қауіпсіздік бойынша*** апталық сабақтар қайта жүргізіле бастайды. Сабақтар еліміздің барлық балабақшала-




Благодаря этим мерам система образования страны дополнительно получила около 100 тыс. новых ученических мест. Это значимый шаг в решении проблемы дефицита и в создании комфортных условий для обучения каждого ребенка.

Особенностью нового учебного года станет внедрение ***искусственного интеллекта (ИИ, AI)*** в систему среднего образования. Для этого ИИ интегрирован в предметы *«Цифровая грамотность»* и *«Информатика»*, утверждены этические стандарты.

Для учеников 1–11 классов разработаны *онлайн-курсы «Day of AI»*, также будут организованы курсы повышения квалификации для педагогов.

На ежегодной Августовской конференции педагогов Президент страны подчеркнул, что в школах не должно быть места буллингу, жестокости и агрессии: *«Школа должна быть местом, где каждый ребенок чувствует себя в полной безопасности».*

За последние два года в стране принят комплекс мер: ужесточено наказание за насилие в отношении несовершеннолетних, укреплен институт уполномоченного по правам ребенка, ведется системная работа по профилактике суицидов.

Возобновляются еженедельные ***уроки личной безопасности.*** Занятия будут проходить во всех детских садах, школах и колледжах страны: по 10 минут на классном часу еженедельно, с повторением темы трижды в год. Темы включают правила поведения в интернете, защиту от мошенничества, действия в экстремальных ситуациях и профилактику насилия.

Продолжают работать 20 ***центров психологической поддержки,*** которые оказывают помощь детям, родителям и педагогам по вопросам бул-

***QR-коды контакт-центра «111»*** *размещены во всех школах. Дети могут анонимно и быстро сообщать о нарушениях своих прав. Коды размещены в наиболее доступных и видных местах: в коридорах, на лестницах, в санитарных комнатах. Все обращения обрабатываются в режиме 24/7.*

рында, мектептері мен колледждерінде өткізіледі: әр апта сайын сынып сағатында 10 минуттан бөлініп, тақырыптар жылына үш рет қайталанады. Сабақтардың мазмұнына интернеттегі мінез-құлық ережелері, алаяқтықтан қорғану, төтенше жағдайларда әрекет ету және зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері енгізіледі.

Буллинг, зорлық-зомбылық және дағдарыс жағдайлары бойынша балаларға, ата-аналарға және педагогтерге көмек көрсететін ***20 психологиялық қолдау орталығы*** жұмысын жалғастыруда. Кеңес беру және жедел көмек тәулік бойы қолжетімді.

Буллинг үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған: 10 АЕК мөлшерінде айыппұл; қайталанған құқықбұзушылық үшін – 30 АЕК.

Қыркүйек айынан бастап білім беру ұйымдарында өткен жылы пилоттық режимде сәтті іске асырылып, тиімділігін көрсеткен ***«Kiva»*** және ***«ДосболLIKE»*** *антибуллингтік бағдарламалары* жүзеге асырыла бастайды.

Үкімет отырысында Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев: «*Қазіргі уақытта мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, жеті негізгі бағытты қамтитын* ***«Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасының*** *жобасы әзірленуде. Ол балалардың құқықтарын кешенді қорғауға арналған базалық құжат болмақ*».

Жаңа талаптарды ескере отырып, бүгінгі таңда білім беру ұйымдарының 98%-ында турникеттер орнатылған, 97%-ында лицензияланған күзетпен келісімшарттар жасалған, 96%-ы дабыл түймелерімен жабдықталған, ал 81%-ы полицияның жедел басқару орталықтарына қосылған.

Биыл 500 мыңнан астам бала ***«Жалпыға міндетті білім беру» қоры*** арқылы қолдау алды. Әлеуметтік осал санаттағы балаларға мектеп формасын, аяқ киімін және оқу құралдарын сатып алу үшін ата-аналардың және заңды өкілдердің есепшоттарына 25,3 млрд теңге аударылды.

Жоғарыда аталған барлық бастамалардың іске асырылуы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің тұрақты бақылауында.

Мектеп атты кемеміз желкенді желмен толтырып, алысқа жүзсін!

*Все организации образования с численностью более 100 человек должны быть полностью оснащены системами безопасности. Министр призвал акиматы ускорить установку оборудования и обеспечить его бесперебойную работу.*

линга, насилия и кризисных ситуаций. Консультации и экстренная помощь доступны круглосуточно.

За буллинг предусмотрена административная ответственность: штраф в размере 10 МРП; за повторное нарушение – 30 МРП.

С сентября в организациях образования заработают *антибуллинговые программы* ***«Kiva»*** и ***«ДосболLIKE»,*** которые в прошлом году успешно прошли пилотирование и показали свою результативность.

На заседании правительства министр просвещения Гани Бейсембаев отметил: «*Сейчас совместно с профильными ведомствами готовится проект* ***Единой программы «Дети Казахстана»,*** *которая охватывает семь ключевых направлений. Она станет базовым документом по комплексной защите прав ребенка*».

С учетом новых требований сегодня в 98% организациях образования установлены турникеты, в 97% заключены договоры с лицензированной охраной, 96% оснащены тревожными кнопками, 81% подключены к оперативным центрам управления полиции.

В этом году более 500 тыс. детей получили поддержку через ***Фонд «Всеобуч».*** На счета родителей и законных представителей перечислено 25,3 млрд тенге на покупку формы, обуви и принадлежностей для детей из социально уязвимых категорий населения.

Реализация всех вышеуказанных инициатив находится на постоянном контроле Комитета по охране прав детей Министерства просвещения.

В добрый путь, корабль под названием Школа! Попутного тебе ветра!

# МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ:

# «ДОСБОЛLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ӘСЕРІ

*Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, олардың денсаулығын сақтау, жан-жақты дамуы мен сапалы білім алу құқығын қорғау – Қазақстан Республикасының басым бағыттарының бірі болып табылады.*

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері балалардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған 15 халықаралық құжат-

*Обеспечение благополучия детей, сохранение их здоровья, защита права на всестороннее развитие и получение качественного образования являются одним из приоритетных направлений Республики Казахстан.*

С момента обретения независимости нашей страной были ратифицированы 15 международных документов,

*2022 жылы **Балалар әл-ауқаты индексінің енгізілуі** мемлекет тарапынан балалардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған саясаттың тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді.*



*Осы бағытта ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты әзірлеген **«ДосболLIKE» бағдарламасы білім беру** ұйымдарында қауіпсіз орта қалыптастыруды көздейді.*

## ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА СРЕДИ ШКОЛЬНИКОВ:

# ЗНАЧЕНИЕ И ВЛИЯНИЕ ПРОГРАММЫ «ДОСБОЛLIKE»

ты ратификациялап, оның алғашқысы Бала құқықтары туралы Конвенция болды. Бүгінгі таңда осы Конвенцияның барлық ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген. Балалардың құқықтарын реттейтін 45-тен астам нормативтік құқықтық акт қабылданған.

Соңғы жылдары қоғамда балалардың дүниетанымында бұрын тән болған позитивті қабылдаудың орнына нигилизм, пессимизм, қоршаған

направленных на обеспечение прав детей, первым из которых стала Конвенция о правах ребенка. В настоящее время все положения данной Конвенции внедрены в законодательство Республики Казахстан. Принято более 45 нормативно-правовых актов, регулирующих права детей.

В последние годы в общественном сознании наблюдается рост нигилизма, пессимизма, агрессии к окружающей среде и аутоагрессивного поведе-

*Введение в 2022 г.* ***Индекса благополучия детей*** *позволило оценивать эффективность государственной политики, направленной на улучшение качества жизни детей.*

ортаға деген агрессия және аутоагрессивті мінез-құлықтың артуы байқалады.

Қазақстанда балаларға қатысты буллингтің алдын алу және оған қарсы тұру бағытында білім беру ұйымдарында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Бағдарламаның құқықтық негізін құрайтын құжаттар:

- *Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;*
- 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген *Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі кешенді жоспар;*
- 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы.*

ния среди детей, которые ранее были склонны к позитивному восприятию мира.

В целях предупреждения буллинга и противодействия ему в образовательных учреждениях нашей страны проводятся системные мероприятия.

Правовую основу программы составляют:

- *Закон Республики Казахстан «Об образовании»;*
- *Комплексный план по защите детей от насилия,* утвержденный Постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 августа 2023 г. №748;
- *Приказ Министра просвещения Республики Казахстан* от 21 декабря 2022 г. №506.

*По заказу Министерства просвещения Национальный научно-практический институт благополучия детей «Өркен» разработал* ***антибуллинговую Программу «ДосболLIKE»,*** *направленную на формирование безопасной и психологически комфортной среды в учебных заведениях.*

***Бағдарламаның негізгі мақсаты*** – мектептер мен колледждерде психологиялық тұрғыдан қауіпсіз орта қалыптастыру, буллингтің барлық түрлерінің алдын алу және балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуын қолдау.

Бағдарлама аясында оқушылар мен педагогтер арасында антибуллингтік мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру, ата-аналар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу көзделеді.

Бағдарламаны іске асыру үш кезеңге бөлінеді:

- бастапқы (диагностикалық);
- негізгі (профилактикалық және интервенциялық);
- қорытынды (тиімділікті бағалау және мониторинг жүргізу).

***Основная цель программы*** *– обеспечение психологически безопасной среды в школах и колледжах, профилактика всех видов буллинга и поддержка социально-эмоционального развития детей.*

В рамках программы осуществляется формирование моделей антибуллингового поведения среди учащихся и педагогов, проведение информационно-разъяснительной работы среди родителей.

Реализация программы делится на три этапа:

- начальный (диагностический);
- основной (профилактический и интервенционный);
- заключительный (оценка и мониторинг эффективности).

*Бағдарлама заманауи қауіптерді, соның ішінде балалар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың өсуі, суицид оқиғалары мен интернет кеңістігіндегі қатерлерді ескере отырып жасалған.*

*Программа разработана с учетом современных рисков, включая рост аутоагрессивного поведения среди детей, случаи суицида и угрозы в интернет-пространстве.*

Буллинг – бұл бір адамға бағытталған әдейі жасалатын агрессивті әрекет түрі, ол қазіргі таңда мектеп ортасында кең тараған. Бұл құбылыс балалардың эмоционалдық әл-ауқатына ұзақ мерзімді теріс әсерін тигізіп қана қоймай, жалпы мектептегі қауіпсіздікке қатер төндіреді.

Соңғы 20 жылда буллингтің зардаптарына қатысты жүргізілген әлемдік зерттеулер оның салдарының тереңдігі мен ауырлығын дәлелдеді.

*«ДосболLIKE» бағдарламасы – оқушылар арасында буллингтің алдын алуға бағытталған кешенді жоба.* Ол халықаралық тәжірибеге сүйене отырып жасалған. Солардың ішінде *Финляндияда* жүзеге асырылып жатқан ***KiVa бағдарламасын*** ерекше атап өтуге болады. Оған мыналар кіреді:

- ✓ профилактикалық және мониторингтік құрамдас бөліктер;
- ✓ мектептегі жағдайды бағалау үшін оқушылар арасында жыл сайын анонимді сауалнама жүргізу.
- ✓ сауалнама нәтижелері негізінде түзету шараларын қабылдау.

Буллинг – это преднамеренное агрессивное действие, направленное против одного человека, которое в настоящее время широко распространено в школьной среде. Это явление оказывает длительное негативное влияние на эмоциональное благополучие ребенка и угрожает общей безопасности в школе.

Мировые исследования, проведенные за последние 20 лет, доказали глубину и серьезность последствий буллинга.

*Программа «ДосболLIKE» представляет собой комплексный проект, направленный на профилактику буллинга среди школьников.* Она разработана с учетом международного опыта, в котором особенно выделяется ***Программа KiVa,*** реализуемая в *Финляндии*. Она включает в себя:

- ✓ профилактические и мониторинговые компоненты;
- ✓ ежегодное проведение анонимного анкетирования учащихся для оценки ситуации в школе;
- ✓ принятие корректирующих мер на основе результатов анкетирования.



*Норвегияда* әзірленіп, кейіннен Канада, АҚШ, Ұлыбритания және Германияда жүзеге асырылған ***Olweus*** бағдарламасы да буллингтің алдын алуда тиімді құрал болып табылады. Бұл бағдарламаға сәйкес, агрессия көріністерінің алдын алу мақсатында мектеп ортасына түбегейлі өзгерістер енгізіледі.Бағдарлама барлық деңгейде жүйелі жұмысты қамтиды:

- ✓ мектеп деңгейінде;
- ✓ сынып деңгейінде;
- ✓ жекелеген оқушылармен;
- ✓ ата-аналармен.

*Жаңа Зеландияда* жүзеге асырылып жатқан ***Peer Support Network*** бағдарламасында жоғары сынып оқушылары кіші сыныптағы балаларға тәлімгер ретінде қолдау көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөліседі. Өзара достық пен сенімділік атмосферасын қалыптастырады.

*АҚШ-та* жүзеге асырылып жатқан ***Steps to Respect бағдарламасы*** мектеп саясатын, ересектердің араласуын және оқушылардың қатысуын қамтитын жүйелі тәсілге негізделген. Ғылыми зерттеулер мұндай кешенді араласудың буллинг деңгейін төмендетуде жоғары нәтиже беретінін көрсеткен.

А еще – *учитесь отпускать.* Иногда тревога усиливается не потому, что с ребенком что-то не так, а потому, что мы не доверяем жизни. Нам страшно, что без нас он обязательно ошибется, свернет не туда.

Когда дети вырастут, они не вспомнят, сколько видео они посмотрели. Они вспомнят, были ли рядом с ними мама и папа.

В эпоху экранов мы можем потеряться друг для друга. Но это не конец. Это вызов. А вызов – это всегда возможность. Возможность пересобрать отношения. С тревогой. С ошибками. С гаджетами. Но с живым участием. С вниманием. С теплом.

Потому что лучший родитель – это не тот, кто все контролирует, а тот, кто рядом, кто живой, настоящий...

# ӘРБІР ҚОЛӨНЕР – ТҰТАС БІР ТАРИХ

**Н. Асылбек-Бахытжан,**
Galam Balasy брендінің негізін қалаушы, қолөнерші, ұстаз:

*«Мен тоқудың екі түрін көрдім: сырғалақпен тоқу және тоқыма станогында тоқу. Бірінші әдіспен төрт бұрышты ағаш тақтайшалар арқылы жіңішке жолақтар тоқылады. Әр тақтайшаның төрт бұрышында жіп өткізуге арналған тесіктер бар... Жіптерден белбеулер тоқылады (бұл әйелдер айналысатын іс болғанымен, мен бұл жұмысты жастардың да атқарып жатқанын көрдім); белбеулер киіз үйлерге, құдықтарға, жегінге және басқа да тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бауларға айналдырылады, немесе сол жіптерден өрнекті баулар, белбеулер мен киімдер тоқылады...»*
*Неміс этнографы* ***Рихард Карутцтың*** *«Қырғыздар (қазақтар) мен түрікмендер арасында, Маңғыстауда» атты кітабынан, 1911 жыл.*

**Н. Асылбек-Бахытжан,**
основатель бренда Galam Balasy, ремесленник, преподаватель

*«Я видел два способа тканья: тканье на дощечках (сырғалақ) и на ткацком станке. Первым способом изготовляют узкие полосы при помощи четырех квадратных деревянных дощечек, в каждом углу которых находится по отверстию для ниток... Из ниток вяжут пояса (я видел за этим женским занятием также и молодых людей); их плетут в шнуры, употребляемые для кибиток, колодцев, упряжи и т. д., или из них ткут тесьмы, пояса и одежду...»*
*Из книги немецкого этнографа* ***Рихарда Карутца*** *«Среди киргизов (казахов) и туркменов на Мангышлаке», 1911 г.*





# КАЖДОЕ РЕМЕСЛО – ЭТО ОТДЕЛЬНЫЙ МИР

***Сырғалақ*** *– бұл ежелгі тоқыма жасау техникасының бірі.* Мамандардың пікірінше, бұл әдіс тоқыма станогы ойлап табылғанға дейін, шамамен 3000 жыл бұрын пайда болған. Археологиялық деректер сырғалақ техникасы көптеген көне халықтардың мәдениетінде кең таралғанын көрсетеді.

Сырғалақты әртүрлі материалдардан жасаған: ағаштан, сүйектен, тастан, металдан, тіпті былғарыдан да.

Сырғалақ техникасында «таңғыш» деп аталатын бау тоқылған. Ол өте берік болып шыққан, сондықтан киіз үйде екі керегені немесе кереге мен есікті (сықырлауықты) байланыстыру үшін қолданылған.

Неміс этнографы Рихард Карутц өзінің кітабында ши тоқу процесін былай сипаттайды: «Шиді былайша тоқи-




***Сырғалақ*** *– это одна из древнейших техник для создания текстиля.* Этот способ, по мнению специалистов, возник более 3000 лет назад задолго до изобретения ткацкого станка. Археологические находки свидетельствуют о том, что эта техника была распространена в культурах многих древних народов.

Сырғалақ изготавливали из различных материалов: дерева, кости, камня, металла и даже кожи.

В технике сырғалақ ткали ленту «таңғыш», которая получалась прочной как стропа, поэтому ею связывали в юрте два кереге или кереге с дверью (сықырлауық).

Из книги Рихарда Карутца, в которой он подробно описывает процесс изготовления циновки: «Циновки изготовляются следующим образом: каждый отдельный стебель камыша обвивают прежде всего разноцветною шерстью с таким расчетом, чтобы вышел намеченный узор циновки...»

Бытует поговорка: «Ши ораулы болмаса, үйдің сәні келмейді. Қызыл, жасыл кимесе, қыздың сәні келмейді», что означает «Дом некрасив без узорной циновки, а девушка не нарядна, если нет в ее одежде красного и зеленого цветов».

Плетение узорной циновки шым ши (шымырау ши, шымыраулы ши, терме ши) несет в себе сакральный смысл.
На данный момент самая древняя циновка найдена в Бесшатырских курганах (в переводе с казахского языка «Пять шатров») – это грандиозный погребально-поминальный комплекс раннего железного века (VII–VI вв. до н. э.) сакской эпохи, расположенный в урочище Шылбыр Национального парка «Алтын-Эмель».



ды: әрбір жеке қамыс сабағын алдымен түрлі-түсті жүнмен орайды, бұл арқылы шидің алдын ала белгіленген өрнегі пайда болады...»

«Ши ораулы болмаса, үйдің сәні келмейді. Қызыл, жасыл кимесе, қыздың сәні келмейді» деген халық мақалы бар. Бұл сөздің мағынасы – өрнекті ши болмаса, үйдің көркі кірмейді, ал қыздың киімінде қызыл мен жасыл түстер болмаса, сәні келмейді дегенді білдіреді.

Шым ши – тек көркемдік элемент емес, сонымен қатар инженерлік ойдың жемісі. Ши немесе ший – бұл қамыс. Ол жеңіл әрі берік, бұл көшпелі өмір салты үшін өте маңызды. Қамыс ылғалды сіңірмейді, сондықтан киіз үйдің іші құрғақ әрі жылы болады.

Шым ши тоқымасының ені кемінде 140 см, ал кей үлгілерде 170 см-ге дейін жеткен. Ұзындығы шамамен 10 метрге дейін болған.

Киіз үйдің қабырғалары мен есігіне өрнекті ши – шым ши төселген. Ол тек ішкі кеңістікті көркемдеп қана қоймай, тұрмыстық обереп ретінде де қызмет атқарған. Сонымен қатар, ши – табиғи сүзгі іспетті: шаңды өткізбейді, бірақ ауа еркін айналып тұрады.

В узорной циновке шым ши не только красота, но и инженерное мышление.

Ши, или чий, – это тростник. Он легкий и прочный, что важно для кочевников. Тростник не впитывает влагу, благодаря чему в юрте сухо и тепло.

Ширина шым ши была не менее 140 см и доходила до 170 см, а длина – около 10 м.

Стены и дверь юрты покрывались узорной циновкой, которая служила оберегом, а также украшала внутреннее пространство жилища. Кроме того, циновка – это своеобразный фильтр: пыль не попадает, но при этом воздух свободно циркулирует.

В юрту не заползают змеи и скорпионы, так как их отпугивает запах овечьей шерсти, которой оплетены стебли тростника, а также из нее изготовлена кошма на полу жилища.

Кроме шым ши, изготавливали циновку *ақ ши* из тростника без шерсти для сушки молочных продуктов и мяса, а также для валяния войлочного ковра текемет, различных кошм и заготовок для сырмақ.

Ши во все времена широко применялось в быту вплоть до изготовления игрушек.

Шым ши (шымырау ши, шымыраулы ши, терме ши) тоқу – сакралды мағынаға ие көне өнер түрі. Бұл өрнекті шиді тоқу дәстүрі тек тұрмыстық қажеттілік емес, сонымен қатар рухани, мәдени мәнге ие болған. Қазіргі таңда ең көне шидің табылған орны – Бесшатыр қорғандары (қазақ тілінен аударғанда «Бес шатыр»). Бұл – ерте темір дәуіріне (б.з.д. VII–VI ғасырлар) жататын, сақ кезеңінің ұлы жерлеу және еске алу кешені. Ол «Алтын-Емел» ұлттық паркінің Шылбыр атты жерінде орналасқан.



*Төрт құлақ ою-өрнегі ежелгі қорғаннан табылған және б.з.д. V–II ғасырларға жатады. Бұл – ата-бабаларымыздың ғалам туралы түсінігінің көрінісі. Оюға үш өлшемді кеңістікте қарасақ, ол Ұлытау атты әлемдік таудың бейнесін береді.*

*Орнамент төрт құлақ обнаружен в древнем кургане и датируется V–II вв. до н. э. Это представление наших предков о мироздании. Если смотреть на орнамент в трехмерном пространстве, то это изображение мировой горы Ұлытау.*

Киіз үйге жыландар мен шаяндар кірмейді, себебі оларды қамыс сабағын орауға қолданылатын қой жүнінің иісі үркітеді. Сол жүннен үйдің еденіне төселетін көшме де жасалады.

Шым ши тоқудан бөлек, ақ ши деп аталатын жүнсіз қамыстан жасалған шиді де қолданған. Ақ ши сүт өнімдері мен етті кептіруге, сондай-ақ текемет, әртүрлі көшмелер мен сырмаққа арналған дайындамалар жасауға пайдаланылған.

Ши ежелден тұрмыста кеңінен қолданылып келген, тіпті ойыншық жасауға дейін пайдаланылған. Бүгінде біздің нарықта шым ши мен сырғалақ секілді қазақ қолөнерін ілгерілетуге арналған құралдар жоқтың қасы.

Мен халықтық қолөнерді қайта жаңғыртуға үлес қосып, әлемге қазақтың бірегей сәндік-қолданбалы өнерін танытқым келеді.

Бұл өнер арқылы халқымыздың мәдениетін, дүниетанымын және философиясын көрсетуге болады. Осы мақсатта Galam Balasy / Ғалам баласы / атты брендпен қолөнерге арналған жинақтар жасауды ұйғардым. Брендтің мәні – біз бәріміз бір әлемнің баласымыз, бірақ әрқайсымыздың дара жолымыз бар. Брендтің негізінде – табиғатпен және ғаламмен үйлесім тапқан қазақтың бай әрі өзіндік өмір философиясы жатыр.

Қазіргі уақытта үш жинақ жасап шығардым.

Алғашқы екі жинақ – шым ши тоқу өнеріне арналған. Онда *төрт құлақ* деп аталатын ою-өрнек пен арқар бейнесі бар. Бұл ою-өрнек жиі қолданылады, себебі оның терең сакралды мағынасы бар.

Арқар – киелі жануар. Оның бейнесі жиі кездеседі жартастағы суреттерде

Сегодня на нашем рынке отсутствуют инструменты для продвижения таких казахских ремесел, как шым ши и сырғалақ.

Хочется внести вклад в возрождение народных ремесел, познакомить мир с уникальным казахским декоративно-прикладным искусством, через которое показать культуру, мировосприятие и философию народа.

Решила сделать наборы для рукоделия под брендом Galam Balasy / Ғалам баласы/. Смысл в том, что мы все вместе, и при этом каждый в отдельности. В основе бренда – философия богатой самобытной жизни казахов, которая гармонично переплетается с природой и мирозданием.

В настоящее время создала три набора.

Первые два набора посвящены плетению узорной циновки шым ши с орнаментом, одно из названий которого *төрт құлақ*, а также с изображением архара. Данный орнамент часто цитируется, так как имеет глубокий сакральный смысл.

Архар – сакральное животное. Его изображение часто встречается на наскальных рисунках (петроглифах), различных предметах во время археологических раскопок, как, например,



(петроглифтерде), археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған түрлі заттарда, мысалы, Есік қорғанынан табылған Алтын адамның бас киімінде.

Киелі ежелгі тарихпен байланыстан бөлек, өрнекті ши тоқу мен сырғалақ техникасындағы тоқыманың практикалық пайдасы да бар.

- Ми жартышарларының жұмысы үйлесімді түрде синхрондалады.
- Назар мен есте сақтау қабілеті күшейеді.
- Ұсақ моторика, саусақ қимылдарының нақтылығы, зейін, шығармашылық, көркемдік және эстетикалық талғам, көру арқылы есте сақтау қабілеті дамиды.
- Қой жүні бактерияға қарсы қасиетке ие, заманауи гаджеттерден тарайтын теріс әсерден қорғайды.
- Қолөнер – шығармашылық үдеріс ретінде күнделікті күйбең тіршіліктен арылып, тынығуға көмектеседі.




***Сырғалақ техникасында** білезіктер, көйлек пен шалбарға арналған белдіктер, жадағайлар, галстуктер, сырғалар, шашқа арналған байламдар, тіпті кітапқа арналған бетбелгілер де тоқуға болады.*

Мен жинақтарда қолданылатын материалдардың сапасына ерекше мән беремін. Мүмкіндігінше қазақстандық өндірушілерді қолдауға тырысамын. Мысалы, жинақтардағы жүн Тараз қаласында өндіріледі.

Қазіргі уақытта халқымыздың қолөнері туралы конференцияларда баяндама жасап, қандай бұйымдар жасауға болатынын көрсететін шеберлік сабақтарын өткізіп жүрмін. Жуырда Алматы қаласындағы Республикалық оқушылар сарайының басшылығы мені шым ши өрнегі мен сырғалақ техникасындағы тоқу бойынша курс жүргізуге шақырды. Алматыдағы Орталық Мемлекеттік музей өз базасында балаларға арналған түрлі сабақтар өткізеді, олардың қатарында шым ши мен сырғалақ бойынша да сабақтар бар. Сондай-ақ, А. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі де мені шеберлік сабақтарына жиі шақырады.

Қазақ халқы ата-баба мұрасын әрдайым қадірлеп, ұрпақтан-ұрпаққа шеберліктің нәзік қырларын мұқият жеткізіп отырған.







на головном уборе Золотого человека, найденного в Есикском кургане.

Помимо сакральности и соприкосновенностью с древнейшей историей, есть и практическая польза от плетения узорной циновки и ткачества в технике сырғалақ.

- Синхронизируется работа обоих полушарий головного мозга.
- Укрепляются внимание и память.
- Развиваются мелкая моторика, четкость движений пальцев рук, сосредоточенность, креативность, художественный и эстетический вкус, зрительная память и т. д.
- Овечья шерсть обладает антибактериальными свойствами, защищает от негативного воздействия, излучаемого современными гаджетами.
- Рукоделие как процесс творчества помогает расслабиться и отдалиться от повседневной суеты.

*В технике **сырғалақ** можно ткать браслеты, пояса к платьям и брюкам, жадағай, галстуки, серьги, повязки для волос и даже закладки для книг.*

Большое внимание уделяю качеству материалов, используемых в наборах. По возможности стараюсь поддержать казахстанских производителей. Например, шерсть в наборах производится в г. Тараз.

В настоящее время рассказываю о наших ремеслах на конференциях, провожу мастер-классы, на которых показываю, какие изделия можно изготовить. Недавно руководство Республиканского дворца школьников Алматы пригласили меня вести курс по узорной циновке шым ши и ткачеству в технике сырғалақ. Центральный Государственный музей (Алматы) часто проводит на своей базе различные занятия для детей, в том числе по шым ши и сырғалақ. Приглашает на мастер-классы и Государственный музей искусств им. А. Кастеева (Алматы).

Казахи всегда чтили и бережно хранили наследие предков, передавая тонкости мастерства из поколения в поколение.

Посещая мастер-классы по созданию панно или оберега из ши, браслета или закладки для книг в технике











*Этнограф мамандардың пікірінше, біз дәстүрлі қолөнердің 70%-дан астам түрін жоғалтып алғанбыз.*



Ши мен сырғалақ техникасында панно немесе тұмар, білезік немесе кітапқа арналған бетбелгі жасау бойынша шеберлік сабақтарына қатысу арқылы кез келген жастағы адам қызықты хобби таба алады, өз бойындағы *қасиетті* (қабілет, сапа) ашып, шығармашылық ойлаудың жаңа қырларын дамыта алады.

Осыған байланысты мемлекет тарапынан қолдау көрсету аса маңызды, әсіресе салық мөлшерін азайту мен түрлі жәрмеңкелерге қатысу құнын төмендету тұрғысынан. Сондай-ақ, қалаларда *қолөнершілер орталығын (шебер ауыл)* ашу қажет. Бұл халық шеберлерінің кез келген ауа райында көшеде тұрмай, өз бұйымдарын жайлы жағдайда сатып, тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді. Мұндай орталықтарда шеберлік сабақтары мен шетелдік шеберлерді шақыра отырып симпозиумдар өткізуге болады.

Біздің жоспарымызда – қолөнерге арналған жинақтардың өндірісін жолға қою және кеңейту, сондай-ақ шым ши тоқу мен ткацтвоға қажетті тоқыма станоктары мен басқа да құрамдас бөлшектерді шығаратын цех ашу бар.

Мен сенемін, қазақтың дәстүрлі өнері әлемді баурап алады, себебі біздің шеберлер эксклюзивті, сапалы әрі шын мәнінде көркем бұйымдар жасайды.

*По мнению специалистов-этнографов, нами утеряно свыше 70% различных видов традиционных ремесел.*



сырғалақ, человек в любом возрасте может обрести увлекательное хобби, раскрыть в себе *қасиет* (свойство, качество) и новые грани творческого мышления.

В связи с этим важна поддержка со стороны государства, особенно в снижении налогов и стоимости участия в различных ярмарках. Также в городах необходимо открывать *центры ремесленников (шебер аул)*, чтобы народные мастера не стояли на улице в любую погоду, а могли в комфортных условиях продавать свои изделия, обмениваться опытом. В этих центрах можно проводить мастер-классы, симпозиумы с приглашением зарубежных мастеров.

В наших планах наладить и расширить производство наборов для рукоделия, а также открыть цех по производству ткацких станков и других комплектующих, необходимых для ткачества и плетения узорной циновки шым ши.

Уверена, что казахское традиционное искусство завоюет мир, потому что наши мастера создают эксклюзивные, качественные и просто роскошные изделия.

# МУЛЬТФИЛЬМНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: КӨҢІЛ КӨТЕРУДЕН – ТАНЫМҒА ДЕЙІН



# ЭВОЛЮЦИЯ МУЛЬТФИЛЬМА: ОТ РАЗВЛЕЧЕНИЯ К ПОЗНАНИЮ

***Мультфильмдер*** *– тек көңіл көтерудің құралы ғана емес, сонымен қатар баланың дамуына, эстетикалық және танымдық талғамының қалыптасуына әсер ететін маңызды құбылыс. Мультфильмдер арқылы балалар қоршаған әлемді танып, эмоциялық тәжірибе жинақтайды, моральдық-адамгершілік бағдарларын қалыптастырады.*

***Мультфильмы*** *– это не просто средство развлечения, но и важный феномен, влияющий на развитие ребенка, формирование эстетического и познавательного вкуса. Посредством мультфильмов дети познают окружающий мир, накапливают эмоциональный опыт, вырабатывают морально-нравственные ориентиры.*





**Мультфильмдер тарихы: алғашқы қадамдардан қазіргі заманға дейін**

ХХ ғасырдың басында ***әлемдегі алғашқы анимациялық*** *туынды жарыққа шықты*. 1908 жылы француз суретшісі Эмиль Коль *«Fantasmagorie»* атты мультфильм жасап шығарды – ол анимация тарихындағы ең алғашқы фильм ретінде саналады. Бұл екі минуттық қара-ақ түсті, қарапайым сызықтармен салынған қысқа бейнежазба еді. Оны жасау үшін 700-ден астам қолмен салынған кадр қолданылған. Дәл осы техникалық жетістік анимация эволюциясының бастамасы болды.

**История мультфильмов: от первых шагов до современности**

***Первое анимационное произведение в мире*** *появилось в начале XX в.* В 1908 г. французский художник Эмиль Коль создал мультфильм *Fantasmagorie* – он считается первым в истории анимационным фильмом. Это была короткая (2 мин.) черно-белая лента, выполненная простыми линиями. Для ее создания было использовано более 700 рисованных кадров. Именно это техническое достижение положило начало эволюции анимации.





***Микки Маус және Дисней дәуірі.*** 1928 жылы Уолт Дисней Steamboat Willie атты мультфильмді жарыққа шығарды, онда Микки Маус атты кейіпкер алғаш рет көрінді. Бұл дыбыспен сүйемелденген алғашқы мультфильмдердің бірі болды және бүкіл индустрия үшін нағыз төңкеріс әкелді. Микки Маус қысқа уақыт ішінде бүкіл әлем балаларының сүйікті кейіпкеріне айналып, табандылықтың, мейірімділіктің және достықтың символына айналды. Уолт Диснейдің өзі: *«Барлығы тышқаннан басталды»* деген. Дәл осы кейіпкердің арқасында Disney студиясы әлемге танылып, миллиондаған баланың арманына жол ашты.

***1970-жылдардағы мультфильмдер: тәрбиелік бағыт және ұлттық мотивтер***

***Кеңестік мультфильмдер.*** Сол кезеңдегі мультфильмдер *(«Ну, погоди!», «Винни-Пух», «Крокодил Гена», «Тұмандағы кірпі», «Простоквашино» және т.б.)* балаларға әділдік, мейірімділік, достық және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді сіңірді. Техникалық жағынан қарапайым болғанымен, олардың сценарийлері, кейіпкерлердің мінезі мен диалогтары баланың санасында терең із қалдырды. Мұндай мультфильмдерде жақсылық пен жамандық айқын ажыратылатын.

Мақсат тек көңіл көтеру емес, тәрбиелеу мен адамгершілік қалыптастыру болды.

***Микки Маус и эпоха Диснея.*** В 1928 г. Уолт Дисней выпустил мультфильм *Steamboat Willie*, в котором появился персонаж Микки Маус. Это был один из первых мультфильмов со звуком, что стало революцией в индустрии. Микки Маус быстро стал любимцем детей по всему миру, символом настойчивости, доброты и дружбы. Сам Уолт Дисней говорил: *«Все началось с мышонка»*. Именно благодаря этому персонажу студия Disney получила мировую известность и открыла путь к мечтам миллионов детей.

***Мультфильмы 1970-х годов: воспитательная направленность и национальные мотивы***

***Советские мультфильмы.*** Мультфильмы той эпохи *(Ну, погоди!, Винни-Пух, Крокодил Гена, Ежик в тумане, Простоквашино* и др.*)* воспитывали в детях справедливость, доброту, дружбу и трудолюбие. Несмотря на простую технику, сценарии, характеры персонажей и диалоги оставляли глубокий след в сознании ребенка. Добро и зло в таких мультфильмах были четко разграничены.

Целью было не просто развлечение, а именно воспитание и формирование нравственности.

- *Винни-Пух* (1969–1972) – адаптация английского персонажа А. Милна в советском стиле. Мультфильм стал символом настоящей дружбы.
- *Ну, погоди!* (1969–1986) в легкой и юмористической форме показывал



- *Винни-Пух (1969–1972)* – А.Милннің ағылшын кейіпкерінің кеңестік стильде бейімделуі. Бұл мультфильм шынайы достықтың символына айналды.
- *Ну, погоди! (1969–1986)* – айлакерлік пен ізгіліктің қарама-қарсы тұруын жеңіл әрі әзіл арқылы көрсеткен. Қоян қасқырдың қулығына қарамастан сабырлы әрі ақылды болып қала беретін.
- *Крокодил Гена мен Чебурашка (1969–1983)* – достық, жанашырлық және жалғыздықты жеңу тақырыптарын қозғайды.
- *Тұмандағы кірпі (1975)* – қорқыныш, үміт, өмір мен достық туралы философиялық туынды.
- *Қатықауылдан үштік* (1978) – отбасылық құндылықтардың, ауылдағы қарапайым өмір мен достықтың маңыздылығын көрсетеді.

***Қазақстандық анимацияның басталуы.*** Қазақстандағы ең алғашқы мультфильм 1967 жылы жарық көрді – *Неліктен қарлығаштың құйрығы айыр?* Режиссері – Амен Қайдаров, ұлттық

противостояние хитрости и добродетели. Заяц оставался рассудительным и умным, несмотря на проделки Волка.

- *Крокодил Гена и Чебурашка* (1969–1983) – дружба, сопереживание, преодоление одиночества.
- *Ежик в тумане* (1975) – философское произведение о страхах, надежде, жизни и дружбе.
- *Трое из Простоквашино* (1978) – важность семейных ценностей, простой жизни в деревне и дружбы.

***Начало казахстанской анимации.*** Первый казахстанский мультфильм появился в 1967 г. – *Почему у ласточки хвост раздвоенный?* Режиссер Амен Хайдаров – признанный основоположник национальной мультипликации. В фильме органично сочетаются народные сказки и традиционный орнамент, отчетливо выражен национальный колорит.

А. Хайдаров внес огромный вклад в развитие казахской анимации. Благодаря его работам на экранах появились образы, передающие казахский

мультипликацияның негізін қалаушы ретінде танылған тұлға. Бұл фильмде халық ертегілері мен дәстүрлі ою-өрнек үйлесімді түрде тоғысқан, ұлттық колорит айқын көрініс тапқан.

А.Қайдаров қазақ анимациясының дамуына зор үлес қосты. Оның еңбектерінің арқасында экранда қазақ менталитетін, ерлік пен әділдікті, ізгілік пен адамгершілікті бейнелейтін образдар пайда болды. 1970-жылдары анимацияда интернационалдық сюжеттер басым болғанымен, ұлттық стиль, қазақ дәстүрлері мен өмір салты сақталып отырды.

1991 жылы Тәуелсіздік алғаннан кейін отандық анимация жаңа серпін алды: Тақырып таңдауда еркіндік пайда болды, экранға тарихи және ұлттық мазмұндағы мультфильмдер шықты: *Ер Төстік*, *Күлтегін*, *Көшпенділер*, *Алдар көсе*, *Қазақ елі* және басқалар.

Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстандағы анимация техникалық тұрғыдан да айтарлықтай дамыды: 2D және 3D форматындағы мультфильмдер жасала бастады, отандық студиялар халықаралық фестивальдерге қатыса бастады. Бұл үдерісте *Балапан* теле-

менталитет, героизм, добро и справедливость. В 1970-е годы в анимации преобладали интернациональные сюжеты, но национальный стиль, казахские традиции и уклад жизни сохранялись.

После обретения Независимости в 1991 г. отечественная анимация получила новый импульс: появилась свобода тем, на экраны вышли мультфильмы на исторические и национальные темы: *Ер Төстік*, *Күлтегін*, *Көшпенділер*, *Алдар көсе*, *Қазақ елі* и др.

В период Независимости анимация в Казахстане значительно продвинулась и в техническом плане: начали создаваться мультфильмы в формате 2D и 3D, отечественные студии стали участвовать в международных фестивалях. В этом процессе большую роль сыграли телеканал *Балапан* и частные студии.

Сегодня казахстанская анимация решает не только воспитательные, но и патриотические, историко-просветительские задачи. Мультфильмы *Мұзбалақ, Ер Төстік пен Айдаһар, Күлтегін, Ұмай ана, Шырақ* воспитывают такие ценности, как героизм, справедливость, доброта и любовь к Родине.



арнасы мен жеке студиялардың рөлі ерекше болды.

Бүгінгі таңда қазақстандық анимация тек тәрбиелік емес, сонымен қатар патриоттық, тарихи-ағартушылық міндеттерді де атқарады. *Мұзбалақ*, *Ер Төстік пен Айдаһар*, *Күлтегін*, *Ұмай ана*, *Шырақ* сияқты мультфильмдер ерлік, әділдік, мейірімділік және Отанға деген сүйіспеншілік секілді құндылықтарды тәрбиелейді.

Цифрлық платформалардың арқасында қазіргі қазақстандық анимация кең халықаралық аудиторияға қолжетімді болды. Мультфильмдер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көріп, тіл үйренуге де ықпал етуде. *Балдырған*, *Жерұйық*, *Жаңа ғасыр* секілді жобалар анимация төңірегінде мультимәдени қауымдастықтар қалыптастырып жатыр.

***Қазіргі заманғы мультфильмдер: технология, философия және психология***

Қазіргі мультфильмдер 3D, CGI және VR сияқты озық технологиялардың көмегімен жасалады. *Pixar*, *Disney*, *DreamWorks* және *Sony* секілді студиялар визуалды сапа мен эмоциялық тереңдік жағынан жаңа биіктерге жетті. Бүгінгі анимацияда заманауи 3D-анимациялық технологиялар, нейрожелілер, қозғалысты түсіру технологиясы (*motion capture*) және компьютерлік визуалды эффектілер (*VFX*) кеңінен қолданылады. Бұл технологиялар режиссерлерге бұрын қол жеткізу мүмкін болмаған эмоциялық тереңдікті жеткізуге мүмкіндік береді.

*Мысалы, Pixar студиясының Soul («Жан») атты анимациялық фильмі (2020)* музыканы, жарықты және кеңістікті физикалық заңдарға бағынбайтын формада бейнелейді, көрерменді нақты өмір мен рухани әлемнің шекарасынан асырып алып өтеді. Мұндай визуалды тұжырымдамалар – технология мен өнердің тоғысынан туындайтын шығармашылық нәтижелер.

Сонымен қатар, виртуалды (VR) және толықтырылған шынайылық (AR) технологиялары көрерменге анимациялық кейіпкерлермен интерактивті түрде әрекеттесуге мүмкіндік береді, осылайша мультфильм жай ғана көркем көрініс емес, толыққанды тәжірибеге (*experience*) айналады.

Философия – бұл өмірдің мәнін іздеу. Қазіргі заманғы анимация көрерменді



Благодаря цифровым платформам современная казахстанская анимация стала доступна широкой международной аудитории. Мультфильмы выходят на казахском, русском и английском языках, способствуя также изучению языка. Такие проекты, как *Балдырған*, *Жерұйық*, *Жаңа ғасыр*, создают мультикультурные сообщества вокруг анимации.

***Современные мультфильмы: технологии, философия и психология***

Современные мультфильмы создаются с помощью передовых технологий, таких как 3D, CGI и VR. Такие студии, как *Pixar, Disney, DreamWorks* и *Sony,* достигли новых высот в визуальном качестве и эмоциональной глубине своих произведений. Сегодняшняя анимация создается с использованием современных 3D-анимационных технологий, нейросетей, технологии захвата движений (*motion capture*) и компьютерных визуальных эффектов (VFX). Эти технологии позволяют режиссерам передавать эмоциональную глубину, которая ранее была недостижима.

Например, анимационный фильм студии Pixar *Soul* (2020) изображает музыку, свет и пространство в форме, не подчиняющейся физическим законам, перенося зрителя за границу между реальной жизнью и духовным миром. Такие визуальные концепции рождаются на стыке технологии и искусства.



тек көңіл көтеру үшін ғана емес, терең ойға жетелеу мақсатында жасалады. Мультфильмдерде тек жақсылық пен жамандықтың күресі ғана емес, ішкі қайшылықтар, өмірдегі өз орнын іздеу, болмысты түсіну секілді тақырыптар қозғалады.

*«Inside Out»* («Тепе-теңдік әлемі», 2015) фильмі – адам эмоцияларын жеке кейіпкерлер ретінде бейнелеу арқылы психология мен философияны біріктірген бірегей туынды. Бұл мультфильм көрерменге қуаныш пен қайғы, қорқыныш пен ашу – осы сезімдердің барлығы біздің ішкі әлеміміз үшін маңызды екенін жеткізеді.

*Encanto (2021)* және *Turning Red (2022)* сияқты мультфильмдер отбасылық қарым-қатынастар, жеке даралықты сақтау және ұрпақтар арасындағы өзара түсіністік мәселелерін көтереді. Бұл туындыларда жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері мен өзін-өзі тану үдерістері шебер түрде ашып көрсетіледі.

*Психология – бұл баланың жан дүниесін терең түсіну.* Қазіргі заманғы мультфильмдер жас көрерменнің ішкі әлеміне үңіліп, оның мінез-құлқына, эмоциялық реакцияларына және тұлғалық дамуына оң әсер етуге ұмтылады. Анимациялық кейіпкерлер қазіргі балалар үшін өзіндік эмоциялық айнаға айналады.

Кроме того, технологии виртуальной (VR) и дополненной реальности (AR) позволяют зрителю вступать в интерактивное взаимодействие с анимационными персонажами, превращая мультфильм из простой зрелищной картины в полноценный опыт (*experience*).

*Философия – это поиск смысла жизни.* Современная анимация стремится не только развлекать зрителя, но и заставлять его задуматься. В мультфильмах поднимаются не просто темы борьбы добра и зла, а внутренние конфликты, поиск своего места в жизни, осмысление бытия.

Фильм *«Inside Out»* (2015) – уникальное произведение, объединившее психологию и философию путем изображения человеческих эмоций в виде отдельных персонажей. Этот мультфильм доносит до зрителя мысль о том, что радость и грусть, страх и гнев – все эти чувства важны для нашего внутреннего мира.

Такие мультфильмы, как *Encanto* (2021) и *Turning Red* (2022), поднимают вопросы семейных отношений, сохранения индивидуальности и взаимопонимания между поколениями. В этих работах искусно раскрываются психологические аспекты подростков и процессы самопознания.

*Психология – это глубокое понимание детской души.* Современные мультфильмы стремятся проникнуть во внутренний мир юного зрителя, оказывая положительное влияние на его поведение, эмоциональные реакции и личностное развитие. Анимационные персонажи становятся своеобразным эмоциональным зеркалом для современных детей.

Как знаменитый психолог Бруно Беттельхайм исследовал психотерапевтический эффект сказок, так и современные мультфильмы помогают детям преодолевать страхи, обрести уверенность в себе и выстраивать социальные связи. Особенно это заметно в таких фильмах, как *Frozen* (2013) и *Luca* (2021), где герои учатся принимать себя и понимать других.

Мультфильмы способствуют развитию у детей способности распознавать эмоции, выражать их словами и управлять ими. В этом смысле анимация становится не просто развлечением, а важным инструментом развития эмоционального интеллекта ребенка.

Белгілі психолог Бруно Беттельхайм ертегілердің психотерапиялық әсерін зерттегендей, қазіргі мультфильмдер де балаларға қорқыныштарын жеңуге, өзіне сенімді болуға және әлеуметтік байланыстар орнатуға көмектеседі. Бұл әсіресе *Frozen* (2013) және *Luca* (2021) сияқты фильмдерден айқын көрінеді, онда кейіпкерлер өзін қабылдауды және өзгелерді түсінуді үйренеді.

Мультфильмдер балалардың эмоцияларды тану, сөзбен жеткізу және оларды басқару қабілетін дамытуға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, анимация жай ғана көңіл көтеру құралы емес, баланың эмоциялық интеллектін қалыптастырудағы маңызды құралға айналады.

Қазіргі мультфильмдерде адамгершілік, болмыс, өзін-өзі тану, психология және эмоциялар сияқты күрделі тақырыптар көркем формада жеткізіледі. Мысалы:

- *Soul* – өмірдің мәні туралы;
- *Inside Out* – эмоциялар мен тұлғалық даму туралы;
- *Encanto* – әр адамның бірегейлігі туралы;
- *Frozen* – сенім мен сүйіспеншіліктің күші туралы;
- *Coco* – дәстүрлер мен отбасылық құндылықтар туралы.

***Ескі және жаңа мультфильмдердің айырмашылығы.*** Қазіргі мультфильмдер жаңа технологиялардың көмегімен жасалады. Бұл оларды шынайы әрі қызықты етеді. Қимылдар жылдам, дыбыстар анық, кейіпкерлер тартымды. Мұндай мультфильмдер баланың тек ойынға қызығушылығын ғана емес, қиялын, логикасын және ғылымға деген ынтасын да оятады. Егер бұрынғы мультфильмдер балаларға қарапайым, бірақ терең тәрбиелік құндылықтарды сіңірсе, қазіргі мультфильмдер жаңа заманның әлеуметтік және психологиялық мәселелерін көтереді.

***Мультфильмдер және бала психологиясы.*** Психологтар мен педагогтар анимацияның бала дамуына әсер ететін бірнеше бағытты атап көрсетеді.

- *Сөйлеу қабілетін дамыту:* диалогтар арқылы сөздік қоры кеңейеді.
- *Эмоциялық интеллект:* бала сезімдерді түсінуге, оларды сөзбен жеткізуге және басқаруға үйренеді.
- *Әлеуметтік дағдылар:* мультфильмдер арқылы бала достық, кешірім,

В современных мультфильмах такие сложные темы, как человечность, сущность, самопознание, психология, эмоции, передаются в художественной форме. Например:

- *Soul* – о смысле жизни;
- *Inside Out* – об эмоциях и личностном развитии;
- *Encanto* – об уникальности каждого человека;
- *Frozen* – о силе веры и любви;
- *Coco* – о традициях и семейных ценностях.

***Отличия старых и новых мультфильмов.*** Современные мультфильмы создаются с использованием новых технологий. Это делает их реалистичными и увлекательными. Движения быстрые, звуки четкие, персонажи привлекательные. Такие мультфильмы пробуждают у ребенка не только интерес к игре, но и воображение, логику, а также интерес к науке. Если старые мультфильмы формировали у детей простые, но глубокие воспитательные ценности, то современные мультфильмы поднимают социальные и психологические проблемы нового времени.

***Мультфильмы и детская психология.*** Психологи и педагоги выделяют несколько направлений влияния анимации на развитие ребенка.

- *Развитие речи:* благодаря диалогам расширяется словарный запас.
- *Эмоциональный интеллект:* ребенок учится понимать и выражать чувства.





жанжалдарды шешу секілді қарым-қатынас ережелерін меңгереді.

- *Ойлау және логика:* оқиға желісі аналитикалық қабілеттердің қалыптасуына ықпал етеді.

*Мультфильм – бұл баланың әлеміне ашылған есік.* Осы арқылы ол тек қуаныш пен көңілді ғана емес, өмірдің мәнін, сезімдерді, ерлікті және ұлт рухын көреді. Анимациядағы ескі мен жаңаның, ұлттық пен жаһандықтың үйлесімі тәрбиелік ықпалдың сан қырын ашады.

Мазмұнды, саналы, ұлттық бояуы бар анимациялық жобаларды қолдау – рухани жаңғырудың бір бөлігі.

*Дайындаған:*
***С. Е. Нурахметова,***
редактор,
«Өркен» балалардың
әл-ауқатын арттыру
ұлттық ғылыми-практикалық
институты,
Алматы қ

- *Социальные навыки:* через мультфильмы ребенок осваивает дружбу, прощение, разрешение конфликтов.
- *Мышление и логика:* сюжетная структура помогает формировать аналитические навыки.

*Мультфильм – это окно в мир ребенка.* И через это окно он видит не только радость и веселье, но и смысл жизни, чувства, героизм и дух нации. Гармония старого и нового, национального и глобального в анимации оказывает многогранное воспитательное воздействие.

Поддержка содержательных, осознанных, национально окрашенных анимационных проектов – часть духовного возрождения.

*Подготовлено*
***С. Е. Нурахметовой,***
редактор,
Национальный научно-
практический институт
благополучия детей «Өркен»,
г. Алматы

# БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПАЙДАЛЫ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР

# ПОЛЕЗНЫЕ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ ДЛЯ ДЕТЕЙ

*Балалар интернетті оқу, ойын-сауық және даму үшін пайдалана алады. Түрлі жас санаттарына сай келетін кейбір қауіпсіз және қызықты интернет-ресурстарды ұсынамыз.*

*Дети могут использовать интернет для обучения, развлечения и развития. Вот некоторые безопасные и интересные интернет-ресурсы, подходящие для разных возрастных категорий.*



***Storyline Online*** – екі рет «Эмми» сыйлығына ұсынылған және халықаралық марапаттарға ие болған балалардың сандық сауаттылығына арналған сайт. Танымал актерлердің балалар кітаптарын дауыстап оқитын бейнелерін және креативті суреттерін таратады.

Кітап оқығандар арасында Опра Уинфри, Крис Пайн, Розарио Доусон, Виола Дэвис, Терри Крюс, Конни Бриттон, Джон Литгоу, Дженнифер Гарнер, Бетти Уайт және басқа да танымал адамдар бар.

Бұл ресурстың көмегімен балалар ағылшын тілін жетілдіре алады, сөздердің айтылуы мен қабылдануын жақсартады. Сондай-ақ, дауыстап оқу балаларға оқу, жазу және қарым-қатынас жасау дағдыларын, логикалық ойлау мен зейінін, жалпы академиялық көрсеткіштерін жақсартады.

***Storyline Online*** – сайт, посвященный детской цифровой грамотности, дважды номинированный на Премию «Emmy» и удостоенный международных наград. Транслирует видео, в которых известные актеры читают детские книги вместе с креативно созданными иллюстрациями.

Среди читателей Опра Уинфри, Крис Пайн, Розарио Доусон, Виола Дэвис, Терри Крюс, Конни Бриттон, Джон Литгоу, Дженнифер.

С помощью этого ресурса дети смогут подтянуть английский язык, улучшить произношение и восприятие слов. Также это чтение вслух детям, улучшает навыки чтения, письма и общения, логическое мышление и концентрацию, общие академические показатели.

**National Geographic Kids**
*https://kids.nationalgeographic.com/*

National Geographic веб-сайтында балалар ғылымның, барлаудың, оқиғалар мен әңгімелердің ғажайып әлеміне енеді. Мұнда балаларға арналған көркем суреттері бар ғылыми кітаптар, қызықты бейнероликтер мен ойындар қолжетімді.

Кітаптар мен роликтерден балалар біздің ғаламшар туралы қызықты фотосуреттер, қызықты оқиғалар, ғылыми және технологиялық фактілер, ғажайып жануарлардың өмірі туралы әңгімелер сияқты көптеген ақпараттарды таба алады.

Біздің планетамыздың таңғажайып тарихы балаларға жаңа мүмкіндіктер ашады және қоршаған ортаны зерттеуге қызығушылықты оятады.

**National Geographic Kids**
*https://kids.nationalgeographic.com/*

На этом сайте дети смогут окунуться в удивительный мир науки, исследований, рассказов и историй. Здесь доступны научные детские книги с красочными иллюстрациями, интересные видеоролики и игры для детей.

В книгах и роликах дети найдут все, что волнует их о нашей планете: забавные фотографии, увлекательные истории, научные и технологические факты, рассказы о жизни удивительных животных.

Эти прекрасные истории нашей планеты откроют детям новые возможности и пробудят интерес к исследованию окружающей среды.

**Scratch** *https://scratch.mit.edu/*

Балаларға арналған әлемдегі ең үлкен бағдарламалау қауымдастығы және жастарға сандық әңгімелер, ойындар мен анимациялар жасауға мүмкіндік беретін қарапайым визуалды интерфейсі бар бағдарламалау тілі.

Бұл – шығармашылықты, логикалық және аналитикалық ойлауды, ынтымақтастық дағдыларын және т.б. ықпал ететін қауіпсіз және қызықты оқу ортасы.

Scratch қауымдастығы 8 бен 16 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер үшін арнайы құрылған, бірақ барлық жастағы адамдар қосыла алады. Кішкентай балалар (5 пен 7 жас) Scratch-тің жеңілдетілген нұсқасы ScratchJr қолданбасын қолдана алады.

Онлайн Scratch қауымдастығында қатысушылар барлық әлеуметтік топтардағы, жастағы және қызығушылықтағы адамдармен ашық оқу процесін зерттеп, тәжірибе жасай алады, тәжірибе алмаса алады, кері байланыс ала алады және бір-бірінен үйрене алады.

**Scratch** *https://scratch.mit.edu/*

Крупнейшее в мире сообщество программирования для детей и язык программирования с простым визуальным интерфейсом, который позволяет молодым людям создавать цифровые истории, игры и анимацию.

Это безопасная и увлекательная учебная среда, которая способствует развитию творческого потенциала, логического и аналитического мышления, навыков совместной работы и т. д.

Сообщество Scratch было создано специально для детей и подростков в возрасте от 8 до 16 лет, но вступить в него могут люди всех возрастов. Дети младшего возраста (от 5 до 7 лет) могут попробовать ScratchJr – упрощенную версию Scratch.

В онлайн-сообществе Scratch участники могут исследовать и экспериментировать в открытом учебном процессе совместно с людьми всех социальных групп, любых возрастов и интересов, делиться опытом, получать отзывы и учиться друг у друга.



Буллинг немесе кибербуллинг кезіндегі балалар мен жасөспірімдерге арналған іс-қимыл алгоритмі

**1. Тоқта және тыныштал.**

- Бірден әрекет етпе: агрессорлар көбінесе сенен қызулы реакция күтеді.
- Терең дем ал. Сен жалғыз емессің.



**2. Мәселе туралы сенетін ересек адамға айт.**

- Ата-анаңа, мұғалімге, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне немесе әлеуметтік педагогке хабарлас.
- Есіңде сақта: не болып жатқаны туралы неғұрлым ертерек айтсаң, саған соғұрлым тезірек көмектеседі!



**3. Кибербуллингке қатысты дәлелдерді сақта.**

- Хабарламалардың, жазбалардың, фотосуреттердің скриншоттарын түсір.
- Хат-хабарларды жойма: бұл қаскүнемдерді анықтау және мәселені шешу үшін қажет болуы мүмкін.

**4. Қаскүнемді бұғатта.**

- Оның әлеуметтік желілердегі немесе мессенджерлердегі аккаунтын бұғатта.
- Оны достар немесе жазылушылар тізімінен алып таста.

**5. Жалғыз қалма.**

- Ата-анаң, достарың және сенетін ересектермен бірге бол.
- Сені қолдайтындардың жанында бол.



## Алгоритм действий для детей и подростков при буллинге или кибербуллинге

**1. Остановись и успокойся.**

- Не реагируй сразу: агрессоры часто хотят вызвать твою бурную реакцию.
- Сделай глубокий вдох. Ты не один.



**2. Расскажи о проблеме взрослому, которому доверяешь.**

- Обратись к родителям, учителю, классному руководителю, школьному психологу или социальному педагогу.
- Запомни: чем раньше ты расскажешь о происходящем, тем быстрее тебе помогут!



**3. В случае кибербуллинга сохрани доказательства.**

- Сделай скриншоты сообщений, постов, фотографий.
- Не удаляй переписку: она может понадобиться для выявления обидчиков и решения проблемы.

**4. Заблокируй обидчика.**

- Заблокируй его аккаунт в соцсетях или мессенджерах.
- Удали его из списка друзей или подписчиков.



**5. Не оставайся один.**

- Больше общайся с родителями, друзьями и взрослыми, которым доверяешь.
- Будь рядом с теми, кто тебя поддерживает.

**Мектеп әкімшілігін хабардар етіңіз.**

Жағдайды мектеп консилиумына шығарыңыз (алдын алу кеңесі, педагогикалық кеңес).

Мәселені шешуге мектептің медиация (татуласу) қызметін тартыңыз.



**Агрессор баланың ата-анасына мәселе туралы сыпайы, әдеп сақтай отырып және қажетсіз эмоцияларсыз хабарлаңыз.**

Оларды физикалық жаза қолданбауға көндіріңіз.

Жәбірленушінің ата-анасына жағдайды



Мектеп мамандарымен (сынып жетекшісі, мектеп психологі, әлеуметтік педагог) бірлесіп, балалар мен жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқының алдын алуға және түзетуге, құрбандарға көмектесуге, сынып және мектеп ұжымдарын біріктіруге бағытталған іс-шаралар бағдарламасын әзірлеп, іске асырыңыз.

**Өткізілген іс-шаралардың тиімділігін бағалаңыз.**




## Әлеуметтік желілерде қорлау кезінде

- Парақша әкімшісі оқушы, мектеп қызметкері болса, тікелей хабарласыңыз.
- Егер әкімшінің мектепке қатысы болмаса, педагогикалық консилиумға, педагогикалық кеңеске парақшаны бұғаттау мақсатында құқық қорғау органдарына жүгіну туралы ұсыныс енгізіңіз.

**Поставьте в известность администрацию школы.**

Вынесите ситуацию на школьный консилиум (совет профилактики, педсовет).

Привлеките к решению ситуации школьную службу медиации (примирения).



**Тактично, деликатно и без лишних эмоций сообщите о проблеме родителям ребенка-агрессора.**

Убедите их не применять физические наказания.

Объясните ситуацию родителям жертвы.



Совместно со специалистами школы (классным руководителем, школьным психологом, социальным педагогом) разработайте и реализуйте программу мероприятий, направленных на профилактику и коррекцию агрессивного поведения детей и подростков, помощь жертвам, сплочение классного и школьного коллективов.

**Оцените эффективность проведенных мероприятий.**




## При травле в социальных сетях

- Обратитесь напрямую к администратору страницы, если им является ученик, работник школы.
- Если администратор не относится к школе, вынесите на педагогический консилиум, педсовет предложение обратиться в правоохранительные органы с целью блокировки страницы.

## ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ / НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

**ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ / НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ**
**БАС РЕДАКТОР / ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР** Е. Н. Сакенова

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС / РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ**
И. М. Самсаев
Р. Ф. Кудякова
Г. К. Калиева
И. В. Калачева
Б. К. Кудышева
М. К. Таипова
А. М. Саликова
Г. Б. Омарова

**ДИЗАЙН ЖӘНЕ БЕТТЕУ / ДИЗАЙН И ВЕРСТКА**
А. М. Саликова
Т. В. Васько
Фото freepik.com

**РЕДАКТОР-КОРРЕКТОР**
Е. М. Песина
С. Е. Нурахметова

**РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:**
Қазақстан Республикасы, Z05X4M9, Алматы қ., Медеу ауданы, Митина көшесі, 6 үй
«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ

**АДРЕС РЕДАКЦИИ:**
Республика Казахстан, Z05X4M9, г. Алматы, Медеуский район, ул. Митина, д. 6
НАО «Национальный научно-практический институт благополучия детей «ӨРКЕН»

**ЖУРНАЛДЫҢ МЕНШІК ИЕСІ**
«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ

**СОБСТВЕННИК ЖУРНАЛА**
НАО «Национальный научно-практический институт благополучия детей «ӨРКЕН»

**ЖУРНАЛ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ЖИІЛІГІ**
Ай сайын

**ПЕРИОДИЧНОСТЬ ВЫПУСКА ЖУРНАЛА**
Ежемесячный

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің 2024 жылғы 15 наурызда берген № KZ52VPY00089109 тіркеу куәлігі
Регистрационное свидетельство № KZ52VPY00089109 от 15 марта 2024 года выдано Комитетом информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

Деректердің дәлдігі мен ақпараттың сенімділігі үшін материал авторлары жауапты.
За точность фактов и достоверность информации ответственность несут авторы материалов.

ӘРКЕН
БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Егер саған
**агрессияны**
**тоқтату қиын болса**
немесе
**эмоцияларыңды**
**басқара алмай**
жүргеніңді сезсең

**әрқашан**
**кәсіби көмекке**
**жүгінуге болады**

# 111



Если тебе сложно
**прекратить
агрессию**
или ты ощущаешь,
**что не можешь
справиться
с эмоциями**



## всегда можно обратиться за помощью

# 111